

Б.А. Молдин* , **А.Т. Маден** Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан
*e-mail: moldin.b@zkm.kz

1920–30 ЖЫЛДАРДАҒЫ АҚТӨБЕ ӨҢІРІНДЕГІ ХАЛЫҚ НАРАЗЫЛЫҚТАРЫ МЕН КӨТЕРІЛІСТЕРІНІҢ НЕГІЗГІ СЕБЕПТЕРІ

Мақалада ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында Кеңестік билік тарапынан жүргізілген саяси, экономикалық, рухани салалардағы асыра сілтеу саясатына қарсы Ақтөбе өңіріндегі болған халық көтерілістері мен наразылықтарына тарихи шолу және талдау жасалған. Зерттеудің мақсаты. Жарияланған тарихи зерттеулер мен деректерге, жаңа мұрағаттық материалдарға және басқа да түпдеректерге сүйене отырып көтерілістер мен наразылықтардың туындауы мен басталуының себептерін саралау. Мақсаттан туындайтын міндеттерге: түрлі деректер мен материалдарды жүйелеу; көтерілістер мен наразылықтарды туындау себептері бойынша тәртіптеу, топтастыру, көтерілістер мен наразылықтардың қозғаушы күштеріне, әлеуметтік құрамына талдау, ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы саяси, қоғамдық және рухани ахуалға тарихнамалық және архивтік материалдарды саралау негізінде баға беру, олар туралы ой қорытулар жасау жатқызылады. Материалдар мен әдістер. Мақаланы жазуда осыған дейінгі жарияланған отандық және шет елдік зерттеушілердің еңбектері, Ақтөбе облыстық мұрағатының материалдарының мәліметтері пайдаланылып, Ақтөбе өңірінде ХХ ғасырдың 20-30 жылдары болған халық көтерілістері мен наразылықтарының негізгі себептерін анықтау, оларды тәртіптеу; қамту аймақтары бойынша саралау; оларға қатынасшылардың құрамына әлеуметтік талдау; оқиғаларды тарихи, әлеуметтанулық, саяси, мәдени-рухани тұрғыдан бағалау әдістері қолданылды. Жұмыстың жаңашылдығы мен нәтижелері. Мақалада 1920-1930 жылдары Кеңестік саясатқа қарсы бағытталған көтерілістердің негізгі себептеріне жүйелі түрде талдау жасалып, нәтижесінде тарихи дәуірдің бейнесін көрсететін, кеңестік биліктің: мәжбүрлі ұйымдастыру, седентаризация, дінмен күрес, шовинизм, тұтас қоғам ішіне іріткі салу және т.б. әрекеттерінің халықтың жаппай бас көтеруіне әкелгендігі нақтыланды және жүйеленді, оларға баға берілді.

Осы жасалған жұмыс нәтижелері негізінде Отан тарихы ғылымындағы алдағы уақытта осы тақырыптың заңдылықты жалғастылығы болатын мәселелер өзектендіріліп, күн тәртібіне қойылды. Және оларды көтерілістер мен наразылықтардың алғышарттарының негізінде жіктеу ұсынылады.

Түйін сөздер: халық көтерілістері, негізгі себептер, наразылықтар, мұрағат құжаттары, күштеп ұжымдастыру.

B.A. Moldin*, A.T. Maden

Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan
*e-mail: moldin.b@zkm.kz

Prerequisites and main causes of popular uprisings and protests in the Aktobe region in the 1920s–1930s

The article presents a historical review and analysis of popular uprisings and protests that took place in the Aktobe region during the 1920s–1930s against the excesses of Soviet government policies in the political, economic, and spiritual spheres.

Purpose of the study. The aim of the research is to analyze the causes of the emergence and outbreak of uprisings and protests based on previously published historical studies, newly identified archival materials, and other sources. The objectives of the study include: systematizing various data and materials; classifying and grouping uprisings and protests according to their causes; analyzing the driving forces and social composition of the participants; and evaluating the political, social, and spiritual situation of the 1920s–1930s on the basis of historiographical and archival analysis. Materials and methods. The article is based on previously published works of domestic and foreign researchers, as well as materials from the Aktobe Regional Archive. The methods used include: classification of popular uprisings and protests in the Aktobe region in the 1920s–1930s according to their causes; classification by territorial coverage; social analysis of the composition of participants; and evaluation of events from historical, sociological, political, cultural, and spiritual perspectives. Novelty and results. A systematic analysis

of the causes of anti-Soviet uprisings in the 1920s–1930s has been conducted. The study clarifies and systematizes facts concerning the actions of the Soviet authorities that shaped the historical era, including forced collectivization, sedentarization, anti-religious campaigns, Great Power chauvinism, and the creation of social division. These factors led to mass popular uprisings, which are assessed in the article.

Based on the findings, a number of issues have been identified and included in the research agenda as logical continuations of this topic in future studies of national history. It is also proposed to classify uprisings and protests according to their underlying preconditions.

Keywords: popular uprisings, public discontent, archival materials, forced collectivization.

Б.А. Молдин*, А.Т. Маден

Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Ақтөбе, Қазақстан

*e-mail: moldin.b@zkm.kz

Основные причины народных восстаний и протестов в Актюбинском регионе в 1920-30 годы

В статье представлен исторический обзор и анализ народных восстаний и протестов, произошедших в Актюбинском регионе в 20–30 гг. XX века против перегибов политики советского правительства в политической, экономической и духовной сферах. Цель исследования. Анализ причин возникновения и начала восстаний и протестов на основе ранее опубликованных исторических исследований и сведений, новых архивных материалов и других источников. В задачи, входят: систематизация различных данных и материалов; классификация и группировка восстаний и протестов по их причинам, анализ движущих сил и социального состава восстаний и протестов, оценить и сделать выводы о политической, социальной и духовной ситуации 1920–1930-х годов на основе анализа историографических и архивных материалов. Материалы и методы. Статья написана с использованием ранее опубликованных работ отечественных и зарубежных исследователей, а также материалов Актюбинского регионального архива. Используемые методы включали: классификацию народных восстаний и протестов, происшедших в Актюбинском регионе в 20–30-е годы XX века, по причинам; классификацию по зонам охвата; социальный анализ состава их участников; оценку событий с исторической, социологической, политической, культурной и духовной точек зрения. Новизна и результаты. Проведен системный анализ причин антисоветских востаний в 20–30 гг. XX века, уточнены и систематизированы факты о действиях советских властей, отражающие образ исторической эпохи как: принудительная коллективизация, седентеризация, борьба с религией, великодержавный шовинизм, создание раскола в обществе в целом и т. д., привели к массовому народному восстанию, и дана их оценка. На повестку дня были включены вопросы, которые станут закономерными продолжениями этой темы в будущем.

На основе полученных результатов были определены и включены в повестку дня вопросы, которые в будущем станут законным продолжением этой темы в отечественной истории. Предлагается также классифицировать их по предпосылкам восстаний и протестов.

Ключевые слова: народные восстания, недовольства, причины, архивные материалы, насильственная коллективизация.

Кіріспе

Қазақ тарихын зерттеудің өзектілігі – күн тәртібінен түспейтін мәселе. Бұл ретте Мемлекет басшысының 2021 жылдың 5-қаңтары күнгі «Егемен Қазақстан» газетіндегі жарияланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында ол «Тәуелсіздік құндылығы жастардың жадына біржола шегеленіп, мәңгі сақталуы үшін өскелең ұрпақ оның қадірін білуі керек» – екендігін айта келіп, «Бостандық бізге оңайлықпен келген жоқ. Ата-бабаларымыз азаттық жолында арпалысты. Талай зұлмат замандар мен нәубеттерді бастан өткерді. Осының бәрі халықтың есінде сақталып, ұрпақтан ұрпаққа берілуге тиіс» деп атап өтті. (Тоқаев, 2021).

Бұл тұрғыдан ұлт тарихын зерттеуге қатысты тәуелсіздік жылдары аз жұмыс жасалды дей алмаймыз, Кеңестік билік жылдары мүлдем айтылмаған көптеген «ақтандақтар» ақиқаты халық назарына ұсынылды, талай нәрсенің шындығы ашылды. Десек те, тарихтың зерттеуді қажет ететін парақтары әлі де аз емес. Солардың бірі – XX ғасырдың 20–30 жылдардағы халық наразылықтары мен көтерілістері тақырыбы. Мұндай еңбектердің көш басында тұр деп М. Қозыбаевтың «Ақтандақтар ақиқаты» еңбегін айтуға болады. Осы кезеңнен бастап халық назарынан мүлдем тыс қалып, тарихи әдебиеттер түгілі, ел жадынан өшірілуге «тиісті» аласапыран кезеңдегі тарихи оқиғаларға әділ де шынайы баға беру керектігі күн тәртібіне қойылды.

Өткен ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақ өлкесінің тарихи, экономикалық, әлеуметтік дамуы туралы кеңестік дәуірде жазылған материалдарды мүлдем жоқ дей алмаймыз. Алайда, олар идеологиялық тұрғыдан «Коммунистік партия мен Кеңестік биліктің жетістіктері», «Сталинддік көреген саясаттың жемісі» ретінде бағаланып, ұжымдастыру бұл – социализмге апарар негізгі қадам, шаруалардың кулактармен күресі үшін колхоздарға өз еркімен бірігуі, ауыл мен деревнялардағы кедейшілікпен күрес және олардың техникалық жағынан дамуы деген қағидаттармен мадақталды. Ал билікке қарсы наразылықтар, қарсылықтар мен көтерілістер «контрреволюциялық», «бандалық», ал Орта Азия жерінде «басмашылық» деп те бағаланды. Тарихи шындық жеткілікті түрде берілмеді. Сол себепті, КСРО тұсындағы деректерден негізінен мұрағат материалдарын пайдаланып, оларға шынайы, жаңаша тарихи тұрғыдан баға берген дұрыс деп ойлаймыз және осы мақалада негізінен тәуелсіз кезеңде жазылған әдебиеттер мен деректемелер қолданылды.

XX ғасырдың 20-30 жылдарында Кеңестік билік тарапынан жүргізілген саяси, экономикалық, рухани салалардағы асыра сілтеу саясатына қарсы көтерілістер мәселесі отандық және алыс-жақын шет елдік авторлардың еңбектерінде біршама зерттелгенін айта кету керек. Олардың тарихнамасы автордың «Отан тарихы» журналында жарияланған «XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстандағы халық наразылықтары мен көтерілістері мәселесіне тарихнамалық шолу» (Молдин, Мәден, 2025) атты мақаласында көрсетілді. Дегенмен де бұл мақалада біз олардың жалғастылығы ретінде нақты Ақтөбе өңірінде болған халық наразылықтары мен көтерілістеріне, олардың себептеріне тарихи шолу және талдау жасамақпыз.

Оның ішінде көтерілістер мен наразылықтардың алғышарттары мен басталу себептеріне тарихи деректер мен бұрын жарияланбаған, тың мұрағаттық материалдардың негізінде мәселеге саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени-рухани тұрғылар тарапынан баға беру осы жұмыстың *басты мақсаты* болып табылады. Мақсатты жүзеге асырудағы негізгі міндеттердің бірі ретінде Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Президенттік архив құжаттарының және өзге де деректер негізінде алынған ақпараттар мен мәліметтерді барынша *бір ізділікпен тәртіптеу* негізге алынды.

Жалпы осы кезеңдегі нақты Ақтөбе өңірі бойынша халықтың бас көтерулері туралы зерттеулер жоқ емес, дегенмен, олар тұтас өңірдің емес, жекеленген аудандар аумағын (мәселен, Ырғыз көтерілісі) немесе 1930-40 жылдардағы межелеуге дейінгі басқа өңірлер құрамына кірген аумақтарды қамтыған көтерілістерді (Адай-Табын көтерілісі) қамтиды. Осылайша облыстың бірқатар өңірлеріндегі (Мартөк, Қобда, Шалқар және т.б.) наразылықтар назардан тыс қалған. Сол себепті, көтерілістердің қамтыған географиясын шолуда облыстың бұрынғы және қазіргі әкімшілік бөлінісін нақтылау, ескеру, дұрыс межелеу оларды *географиялық талдау* міндетін қажет етеді.

Мұнан кейінгі тағы бір *міндет* – *оқиғаларды бір жүйеге келтіру*. Қарастырылып отырған оқиғаның жалпылама ел көлемін тұтастай дерлік қамтуы мен шашыраңқылығы олардың нақты жүрген уақытын, территориясын жүйелеуде көп қиындық келтіреді. Мәселен, Ырғыз өңіріндегі және Адай уезіне кірген қазіргі Байғанин, Ойыл жерлеріндегі көтерілістердің басталу-аяқталу мерзімін салыстырудың да өз ерекшеліктері бар. Сол себепті, нақты басталу уақытымен ғана есепке алу – олардың нақты ұзақтығын ескермеуге келіп саяды, сондықтан қарастырылатын оқиғаларды хронологиялық тәртіптеу де ерекше қажет.

Бұдан басқа, көтерілістер мен наразылықтардың жалпылама себептері бір десек те, олардың басталуына нақты түрткі болған шаруашылық-экономикалық жайттарда, қатынасушылардың әлеуметтік құрамында, көтерген ұрандарында да айырмашылықтар бар. Сондықтан, қарастырылған материалдар негізінде көтерілістер мен *наразылықтардың себептерін олардың қозғаушы күштері, әлеуметтік құрамы секілді факторларға сүйене отырып талдау жасау да зерттеудің міндеттерінің бірі*.

Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазуда алынған тақырып бойынша осыған дейін жарияланған тарихи-ғылыми зерттеулер материалдары, осы тақырыпта зерттеулер жүргізген бірқатар ғалымдардың жарияланған еңбектері, Ақтөбе облыстық мемлекеттік мұрағаты №13, № 63, № 681, № 9, № 181, № 133, № 18, № 3, № 14, № 5, № 135, № 341, № 707 сонымен қатар Қазақстан Республикасының Президенттік архиві (ҚРПА) № 141, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві

(ҚР ОМА) № 352 қорындағы, әдеби шығармалардағы кей мәліметтер, баспасөз құралдарында жарық көрген мақалалар қолданылды. Сонымен қатар «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары). Т. 3, 4, 13, 14, 16, 21, 27, 28, 37, 39, 41, 51 томдар және «Алашорда ісі» 1920-1940 жж. «Құжаттар мен материалдар» жинағы 8, 9, 10, 11 томдары басшылыққа алынып, оларды талдау мен саралау әдісінің негізінде көптеген мағлұматтар анықталып, нақтыланды. Мақалада қарастырылатын оқиғалар осыған дейінгі зерттеулердің басым бөлігінде «XX ғасырдың 20-30 жылдарында болған халық наразылықтары мен көтерілістері» деген жалпылама атаумен белгілі болды, олардың жүру аймақтары бойынша локалды түрде «Адай көтерілісі», «Ырғыз көтерілісі», «Созақ көтерілісі» және т.б. атаулармен жеке-жеке зерттеліп келді. Оларды зерттеу материалдарын тарихи жүйелеу әдісі арқылы бір ізділікке келтіру міндеті шеңберінде қамту аймақтары бойынша – географиялық аудандастыру қажеттілігі туындайды. Бұл мақсатта ең алдымен анықтамалық *саралау әдісінің* көмегімен «наразылықтар» мен «көтерілістер» ұғымдары жалпылама түрде емес, сипатты белгілері бойынша айқындалып, оларға нақты анықтама берілді және солардың негізінде қарастырылатын оқиғалардың мәні ашылды. Тақырып аумағындағы «XX ғасырдың 20-30 жылдары» деген ұғымның хронологиясы жалпылама атау, ондағы көтерілістер мен наразылықтардың нақты басталу және аяқталуы туралы деректерге қатысты әлі де нақтыланбаған мәселелер баршылық. Сондықтан, тарихи зерттеудің басты *әдісі – хронологиялық принципті* ұстануға тырыстық. Мақаланы әзірлеу барысында көтерілістер мен наразылықтарды оның алдындағы болған тарихи оқиғалармен (революция, азамат соғысы, 1921-1922 жылдардағы аштық, ЖЭС және т.б.) байланыста және көтерілістер бәсеңдегеннен соңғы нәтижелермен біртұтастықта қарастыру қажеттілігі туындап, бұл мақсатта *логикалық жүйелеу әдісі* қолданылды. Тағы бір мәселе, көтерілістердің әлеуметтік құрамы әлі де ашылмаған. Кеңестік деректердегі оларға қатынасушыларға, жетекшілеріне билік тарапынан берілген атаулар, халық арасындағы шынайы мәртебелерін көрсете алмайды. Бұл үшін – көтерілістің қозғаушы күштері мен қатынасушыларының құрамын нақтылау мақсатында – *әлеуметтік талдау әдісі* де қолданылды.

Тағы бір кемшін түсіп жатқан мәселе – оқиғалардың қамту географиясы. Көп ретте олар

нақты ошақтар (Ырғыз, Маңғыстау, т.б.) бойынша зерттелді. Алайда, олардың жүру территориясының кеңестік дәуірдегі түрлі межелеу саясаттарының салдарынан бүгінгі күні басқа облыстардың аумағына қамтылғандығы, сол кездегі экономикалық себептермен «көшпелі» және «отырықшы» аудандар болып жіктелгендігі, бүгінгідей территориялық емес, рулық принциппен жіктелгендігі назардан тыс қалып жатады. Сол себепті, мақалада біз *географиялық аудандастыру мен кеңістік жүйелеу* секілді пәнаралық әдістерді де назардан тыс қалмады.

Талқылау

Кеңестік саясатқа қарсы бағытталған халық көтерілістері мен наразылықтары тақырыбында отандық, шетелдік ғалымдар зерттеулері және мұрағат деректеріне талдаулар бұған дейін де жүргізілді. Бірақ олар нақты тарихи шынайылықты толықтай аша алды деу қиын. Себебі, мұрағат деректері мен құжаттар өз кезегінде ұжымдастыруды кеңестік идеология тұрғысынан бағалап, кулактарды антикеңестік элемент ретінде сипаттап, сол заманның көзқарасымен баяндайды. Оларды бүгінгі күн тұрғысымен басқаша бағалау да оңай емес.

Бұл құжаттар кейін жинақталып, түрлі басылымдарда жарияланды. Дегенмен, деректердің идеологиялық сипатын бүгінгі күні сын тезінен өткізіп, шынайы қайта бағалау арқылы халықтың жаппай қарсылығына әкелген себептер әлеуметтік, экономикалық, саяси жағдайды айқындауға болады. Көп ретте көпшілік ғалымдар көтерілістердің себептерін экономикалық алғышарттардан іздестіреді және деректерді осы себептер төңірегінде қамтумен шектелуде. Мәселен, А.С.Зулкашева, Г.Т. Исахан, Ж.А. Сатаева құрастырған құжаттар жинағының II томында дәстүрлі қазақ ауылының өміріндегі болған түбегейлі өзгерістерді қарастырып, олардың себептері ретінде күштеп ұжымдастыру, байларды тап ретінде жою, отырықшыландыру мәселелеріне қатысты деректер жарияланған. Оның ішінде астық жинау, ет науқанына жалпы кеңестер билігінің күштеу саясатына қарсы бағытталған көтерілістерге, ашаршылық кезіндегі халықтың жаппай көшуіне байланысты архив құжаттарына негізделген деректерді (Зулкашева, 2018) келтірген.

1920-1930 жж. көтерілістер тақырыбын тарихшы Талас Омарбеков жақсы зерттеді. Оның еңбектерінде орталық мұрағаттың, ҚР ҰҚК мұрағатының деректері жан-жақты кеңінен талданды.

(Омарбеков, 1994; Омарбеков, 1997). Ғалым осы кезеңнің көтерілістерін «мәжбүрлі ұжымдастыру мен меншіктен айыруға қарсы халық наразылықтары» деп атады. Қазақстанның тәуелсіздігі жылдары аталмыш тақырып өзекті зерттеу мәселелерінің біріне айналды. Көптеген ғалымдар осы тақырып бойынша диссертациялар жазып, дербес монографиялар мен мақалалар жариялап, құжаттарды халық назарына ұсынды (Қозыбаев, 1992; Алдажуманов, 1996; Алдажуманов, 1998; Жұмағұлов, 1999; Алланиязов, Таукенов, 2000; Танатарова, 2000; Алланиязов, Таукенов, 2009; Халидуллин, 2015 және т.б.). Сондай-ақ, уақыт өте келе республикамыздың күштеу құрылымдарының, орталық және жергілікті мұрағаттар деректері де қол жетімді болды.

Алайда, көп ретте ірі көтерілістер мен ел арасында белгілі бас көтерулер зерттеліп, жалпы шағын және орташа деңгейдегі толқулар назардан тыс қалған. Олардың қай-қайсысында да қамту – тарих ғылымының басты міндеті. Өз кезегінде отандық тарихшылар бұл көтерілістер мен наразылықтарды ұлт-азаттық, шаруалар, антикөшпенділік деп сипаттауда.

Аталмыш мәселе алыс және жақын шет елдік зерттеушілердің де назарынан тыс қалмаған. Ресей тарихшысы Ф.Синицын «Советское государство и кочевники» атты еңбегінде осы тарихи оқиғаларды сипаттай келіп, «көшпенді халық оларға қатысты биліктің қолданып жатқан қарқынды отырықшыландыру мен ұжымдастыру әдістеріне бейжайлық танытпады» (Синицын, 2019) деп жазады. Ол жалпы Кеңес Одағының барша территориясындағы қарсылықтарды зерттей отырып, көп көңілді Қазақ өлкесіне бөледі. Сондай-ақ, осы кезеңдегі «ауа көшу» секілді мәселеге жіті көңіл бөліп, оны қазақтардың наразылықтарының бір формасы ретінде сипаттайды.

Шет елдік ғалымдар да бұл тақырыпты біршама зерттеген (Огайон, 2009; Киндлер, 2020; Камерон, 2020). Олар өз еңбектерінде көтерілістерге түрліше атау береді: зерттеуші Сара Камерон – «ұжымдастыру мен отырықшыландыруға халық көтерілістері» десе, неміс тарихшысы Роберт Киндлер – «азамат соғысы» деп атайды. Р.Киндлер «әскери қимылдар», «кенес-қытай шекарасындағы ұрыстар», «шектен тыс мәжбүрлеу» секілді терминдерді қолданып, биліктің «биндитизм» деп атап келген әрекеттерге қазақтардың Қытай шекарасын кесіп өтуге ұмтылып, шекарашылармен болған қақтығыстардың нақты мысалдарын келтіреді.

Келесі бір американдық ғалымдар Дэвис Р. және Уиткрофт С. астық даярлау науқандары

мен қазақ даласындағы аштықтың экономикалық және әлеуметтік алғышарттарын туралы мәліметтер келтіреді, миллиондаған адамның қырылуына әкелген 1932-1933 жылдардағы «Ұлы ашаршылық» кезеңін сипаттайды (Дэвис, Уиткрофт, 2011).

Осы тақырыпты зерттеген ғалымдардың еңбектерін саралай келіп, Т.Омарбеков дерегіне сүйенсек, барлық 372 көтерілістің 54-і 1929 жылы, 241-і 1930 жылы, ал 77-і 1931 жылы болғанын және негізінен Тақтакөпір, Бостандық, Батпаққара, Созақ, Ырғыз, Қарақұм, Өскемен, Зырян, Шұбар, Балхаш, Шоқпар, Адай өңірлерінде жүргенін айтады. Ғалым олардың біршамасының себептерін, жүру барысын, нәтижесі мен салдарын тарихи құжаттар негізінде зерттеген. Дегенмен, ол кейбір аймақтардағы халықтың стихиялық сипаттағы наразылықтары мен көтерілістер әлі де толық зерттеуді қажет ететіндігіне және жергілікті жерлерде зерттеулер жүргізу керектігіне назар аударады (Омарбеков, 1994).

1929-31 жылдардағы халықтық наразылықтарды шаруалар қозғалысы түрінде көрсеткен зерттеушілердің пайымдауларының негізінде Т.Омарбеков көтерілістің ұлт-азаттық сипатын ашуда: «...1) Ол бір орталыққа бағынатын, ұлттық мүддені белсенді қорғайтын тұтасқан тасқынға айналды; 2) Көтерілістердің бастаушы, жетекші күші ауқатты қазақ шаруалары және халыққа ықпалды дін басылары болды; 3) 1929-31 жылдардағы қазақ шаруаларының сталиндік коммунистік империяның қатал саясатына, қазақ ауылын оның дәстүрлі даму жолынан тайдыру әрекетіне қарсы белсенді қарсылықтарын – кезінде патшалық Ресей империясының өктемдігіне қарсы жүргізілген қазақ шаруаларының жанкешті ұлт-азаттық қозғалысының заңды, табиғи жалғасы және ең соңғы кезеңі» деп жүйелі негіздеме берді. (Мұхатова, 2016).

Бұл тақырып туралы көп деректер Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 ж. 24 қарашадағы № 456 Жарлығына сәйкес жинақталып, жарияланған «Алашорда ісі» 1920-40 жж. құжаттар мен материалдар жинағында келтірілген. Оның «Әулеттерге жасалған қиянат» атты 8-томында 1920-30 жылдардағы халық үшін бас көтергендерге қатысты: «Ұлтшылдық ұйымдар өзінің астыртын аудандық және облыстық бөлімдерін қалыптастыру жұмыстарын кең көлемде жүргізіп, оларға: контрреволюциялық ұлтшыл кадрларды: алашордашыларды, бұрынғы жазалаушыларды, басмашыларды, көтеріліс қозғалысының белсенді мүшелерін, молдаларды, байларды және өзге де антикөшпенді элементтерді тартуда» деген

баға берілген. Яғни, көтерілістер мен наразылықтар стихиялық жолмен емес, арнайы ұйымдастырылған деген пікірге келіп саяды. Мұнан әрі оларға тағылған айыптарға қарайтын болсақ: «антикеңестік қатардағы топтардың қатысушысы; контрреволюциялық ұлтшылдық ұйымның белсенді мүшесі; БКП (б) мен кеңес үкіметінің ұжымдастыру шараларын бұзуға бағытталған контрреволюциялық жұмыс жүргізді; ұйым мүшесі ретінде бүлдірушілік әрекет жасаушы; колхозшыларды контрреволюциялық ұйымдарға кіруге үгіттеді» делінген, мұнан әрі 1929-1932 жылдары халық көтерілістерін ұйымдастырып халықты кеңестер билігіне қарсы қойды деп айыпталған бірнеше көзі ашық, сауатты, азаматтардың аты-жөні берілген. Олардың ішінде: Баймурзин К, Демеуов Е, Атагозин Х, Башпаев А, Тлесов Т, Хасанов С, Усербаев С, Сатанов С, Тюробаев Б., т.б. азаматтар көрсетілген. (Алашорда ісі..., 2023). Бұл деректер де көтерілістердің ұйымдасқан сипатын көрсетеді.

Халық наразылықтары мен көтерілістерінің себептері туралы Д. Абенов, Б. Абенова, Н. Бейскалиеваның «Саяси – қуғын сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі комиссиясының» ұсынған материалдар жинағында 1933 жылы 28 сәуірде қабылданған БКП(б) ОК мен ОБК-нің «Партиялық тазалау» Қаулысындағы «бөгде-таптық және қас элементтерден тазалауды» басшылыққа алып, партияның ішінде «тінту» жұмысын жүргізе бастады. Соның негізінде 14 шілдеде Камаловтың төрағалығымен Ақтөбе облыстық Бақылау Комитетінің партколлегиясының отырысында кеңес үкіметіне қарсы әрекет ұлттық, буржуазиялық контрреволюция идеологтары, Көтерілістерді ұйымдастырушылар, колхоз құрлысына кедергі жасаушылар, ТОЗ-ға іріткі салушылар, қасақана малдың көзін жоюшылар, аштық пен кедейшілікке итерушілер, отырықшылыққа кедергі жасағандар деген айып тағылған бұрынғы байлар мен олардың балалары, ишандар, молла мен олардың балалары, саудагерлер, орта шаруалар, ауқаттылар мен кедейлер, барлығы 33 адам БМСБ-ның түрмесіне тығылып, арғы тағдырлары белгісіз қалған» – делінеді (Ақтөбе өңірінде..., 2023).

Зерттеуші Ф. Халидуллин «Кеңестік биліктің қазақ шаруаларына қатысты аграрлық саясаты» еңбегінде бұл науқанның себептерін ашуға тырыса келіп «Ф.Голощекиннің «Кіші Қазан» тұжырымдамасы жаңа экономикалық саясаттан бас тартуды көздеді, қазақ ауылдарын кеңестендіру дәстүрлі қоғамның тіршілік құрылымын мен механизмдерін дамыту жолы емес,

қайта оның қирандысынан құру еді. Бұған қазақ ауылының шынайылығынан қол үзген, «қазақ бай-феодалдары мен жартылай феодалдары», «орташа», «кедей», «кулак», «таптық жіктелу», «ауылдық буржуй», «ауылдық пролетариат» категорияларына негізделген партия және кеңестік органдардың директивалық нұсқаулары куә. Сондықтан да қазақ байларының малы мен мүлкін тәркілеуге кіріскен өкімет дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік мәнін, қызметі мен ролін анықтаумен өздерін қинамай, беталды, былайша айтқанда, «марксистік» анықтамалармен шектелді» дейді. (Халидуллин, 2015).

Тағы бір дерекке назар салып көрелік: «1937 жылғы Бүкілодақтық халық санағының нәтижелері тек қана халық өсімін көрсетіп қоймай, кулактарды тап ретінде жоюдың, оларды Орал, Сібір, Қазақстан жеріне жаппай көшіруге қарсылықпен, күштеп ұжымдастырумен қатар жүруінің салдарынан туындаған орасан зор адам шығындарын да ашып көрсетті. Қазақстан халқының 1926-1937 жж. күрт азаюының басты себептері 1928 жылғы бай шаруашылықтарын тәркілеудің, негізінен басым бөлігі мал шаруашылығымен айналысқан қазақ шаруаларын күштеп ұжымдастырумен, осының барлығының ауқатты адамдарды ғана емес, орташаларды да кулактар ретінде жоюмен, сонымен қатар еш әзірліксіз жергілікті халықты отырықшылыққа көшірумен қатар жүрген саясаттың салдарынан туындады. Осының барлығы бірінші кезекте басым бөлігін байырғы тұрғындар құрайтын ауыл халқының ахуалынан көрініс тапты, ол турасында Қазақ Халық Есепке алудың (Каз Нархозучет – авт) бастығы М.Саматовтың Қазақ Өлкелік партия Комитетінің бірінші хатшысы Л.И.Мирзоянға жіберген 1937 жылғы 14 қаңтардағы Қызметтік жазбасы айқын көрсетеді. 1937 жылғы санақта Кеңес Одағының өзге мемлекеттерінде халықтың саны табиғи және мигранттар есебінен өсуі байқалады. Өзбек КСР (28,8%), Тәжік КСР (34,6%), Түркімен КСР (18,8%), Қырғыз КСР (37%). Автор қазақ даласында жүргізілген кеңестік саясаттың демографиялық салдарын көрсеткен (Асылбеков & Асылбекова, 2016).

Мақаланың деректанулық базасын талқылай келіп, біз олардың негізінде зерттеушілердің оқиғалардың себептерін мен алғышарттарын нақтылауда біршама қадамдар жасалғанын көре аламыз. Дегенмен, оларды бір ізділікке келтіру, жүйелі талдау мәселесі осы мақаланы жазу барысында алынған нәтижелерден көрінетін болады.

Нәтижелер

Бүгінгі таңда жалпылама «XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы халық көтерілістері мен наразылықтары» деген жалпы атаумен берілген оқиғаларды бір ізділікпен, жүйелі тәртіппен баяндау қажеттілігі туындап отырғаны сөзсіз. Көп ретте стихиялық жолмен басталған наразылықтар мен халықтың көп бөлігін қамтыған көтерілістерді бір қатарға қою, басталу және аяқталу уақытындағы дәлсіздіктер, оларға қатынасушыларды тәртіппен жіктеудің болмауы – мәселенің тарихи шынайылығын ашуда кедергі келтіреді. Сондықтан осы мақалада ең алдымен оқиғалардың себептерін логикалық тұрғыдан жіктегенді жөн көрдік.

Оларды тізбелеп көрсек, *ең бірінші себеп* – 1927 жылғы астық дайындау дағдарысынан кейін туындаған ЖЭС тоқтатылуы, осылайша, КСРО көлемінде басталған аса ірі байларды тәркілеу саясаты. Аталмыш себеп, өзінің хронологиясы жағынан басқа себептерден бұрын тұр.

Жалпы тәркілеу саясатының негізі оның басталған уақытынан әлдеқайда ерте қаланды. В.И. Ленин 1919 жылы партияның VIII съезінде қазақ делегаттарының «Байлардың болашағы не болмақ?» деген сұрағына «Ерте ме, кеш пе малды қайта бөлісу мәселесін көтеруге тура келетін шығар» деп жауап берген болатын. (Киндлер, 2024). Бұл тек қана Сталин мен Голощекинге қатысты емес, жалпы большевиктер партиясының бастапқыдан алған ортақ меншікке негізделген қоғам құру идеясынан келіп туындайды. Осы тап күресінің шеңберінде байлар мен ауқаттыларға бірнеше рет шабуыл жасалды. Соның ішінде қазақ қоғамына ең ауыр соққы болып тигені – 1927 жылдың қыркүйегінде өткен КСРО Компартиясының XV съезіндегі ауылшаруашылығын ұжымдастыру саясаты туралы шешімі және онан туындаған 1928 жылғы 27 тамыздағы «Ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу мен жер аудару» Декреті болды. Тек мал-мүлікті ғана емес, ел тізгінін ұстаған жандардың, ағайынға көмек қолын созатын адамдардың бар жиған-тергенін тартып алу, оларды елден аластату – осы наразылықтар мен көтерілістердің басталуына негіздердің бірі болғаны анық.

Жергілікті мұрағаттағы қорлармен жұмыс жасау барысында күштеп отырықшыландыруға, ірі және орташа байлардың мүлкін тәркілеу науқанына қатысты халық тарапынан болған бірнеше наразылықтар туралы ақпараттарды кездестірдік. Ақтөбе облысының бірнеше ау-

дандарында халық тарапынан: «Ірі жартылай феодалдық-бай шаруашылықтарын тәркілеуден еңбекші қазақтар қандай пайда көреді?» деген сауалдарға аудандық атқару комитетінің қызметкерлері «Байлар хан мен сұлтандардың ұрпақтары, кешегі патшаға қызмет жасап халық есебінен өмір сүргендер, біз оларды жою арқылы әлеуметтік тең қоғам құрамыз» – деп жауап берген. Өз кезегінде қазақ қоғамы үш топқа бөлінген: 1. Кедейлер мен батырақтар. 2. Орта шаруалар. 3. Бай кулақтар. Кеңес үкіметі мен ауылдың тірегі кедейлер және батырақтар, орташалар одақтастар, ал, қоғамға ең қауіптісі бай-кулақтар» (АОМА. Қ.63. Т.2. І.7.П. 23-33).

1930 жылы болған Ырғыз көтерілісінің себептері туралы мәліметтерге қарайтын болсақ тәркілеу науқаны бұл өңірде өте күрделі саяси-әлеуметтік жағдайда жүргізілген. Ақтөбе округтік комиссиясының өкілі Жаңабаев пен оның көмекшісі болып бекітілген Алибаевқа Ырғыз халқының арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу ісі міндеттелген Әлиев ұйымдастыру шараларын 1928 жылы 8 қыркүйекте Ырғыз аудандық партия комитетінің бюро мәжілісін өткізуден бастады. Ақтөбе округтік комиссиясы бекіткен тәркілеуге жатқан байлардың тұрақ-мекеніне сәйкес аудан бойынша 4 тәркілеу тобы құрды. Аудандық тәркілеу комиссиясының 1928 жылғы 25 қазандағы мәліметі бойынша Ырғыз ауданының территориясында ірі байлардан барлығы 1840 бас мал алынған.

Бұл әрине жоспарда бекітілген 2595 бас малдан әлдеқайда кем болды. 1929 жылдың аяғы мен 1930 жылдың басында тағы да елге үлкен зобалаң туды. Елдің малын сыпырып алып, «Байқуаң» деген жерде көлдің үстіне сойып, мұз үстіне қатырып, түйемен Ырғыз бен Шалқарға, Аралға тасытқан. Ырғыз ауданында салық салу, «қызыл ет» жоспарын орындау науқаны кезінде 338 100 мал басынан 1930 жылы 53 000 ғана мал қалды. (Құрманбеков, 2010).

Сталин тұсындағы Кеңес Одағының билігі ғасырлар бойына қалыптасқан көшпелі тұрмыс салты сақталып тұрған жағдайда қазақты «отырықшы» ету, дәстүрлі әлеуметтік иерархиялық жүйесін сындыру мүмкін еместігін білген. Сол себепті алдымен малынан айырып, ауқаттылыққа еңбегімен, ақылымен қол жеткізген қаймағын құрту ісіне кіріскен. Оның нақты көрінісі Батыс Қазақстанда кеңес өкіметі мен партиялық ұйымдардың ықпалы ірі елді мекендерде ғана қалғанын, ал Торғайдан Аралға дейінгі жүздеген шақырымға созылып жатқан ұлан-ғайыр аумақтарда олардың беделінің болмағанын көрсетеді.

Биліктің байлардың мүлкін тәркілеуден кейінгі әрекеті – оларды өкімет шешкен бағытқа зорлап көшіру еді. 1928 жылдың тамыз айында қазақ ауқаттыларының шаруашылықтарын тәркілеп, оларды тұрған жерінен жер аударып жіберу саясатын бастады. Жоспарда 700 ірі қожалықтың малын тәркілеу туралы шығарылғанымен, іс жүзінде 1053 шаруашылық тәркіленді. Байлармен күресу үшін республиканың барлық округінде тәркілеуді жүргізу және жергілікті жерлерде комиссия құру бойынша 4700 «уәкілдер» тағайындалды. (Алашорда ісі, 2023).

Байлармен күрес науқанымен түспа-түс жүрген науқан – барша Кеңес Одағының территориясын қамтып, Қазақстанды да тыс қалдырмаған – кулактарды тап ретінде жою мен оларды жер аудару, олармен «таптық күрес». Оларды мекендеген жерлерінен, еңбектері сіңген табыстарынан алшақтатудан туындаған қарсыласулар да ерекше қарастыруды қажет етеді. Наразылықтар мен көтерілістерге әкелген *екінші себеп* деп хронологиясы бойынша кейінірек болса да, себептері мен сипаты жағынан тәркілеуге ұқсас болды. Сол себепті оны алдыңғы себеппен байланыстылықта қарастырғанды жөн санадық. Кулактарды «тап ретінде жою» негізінен ЖЭС тежелуінен бастау алады. Дегенмен, нақты 1930 жылдың 30 қаңтары күнгі БКП (б) ОК Саяси бюросының «Жаппай ұжымдастыру аудандарындағы кулактар шаруашылықтарын жою бойынша шаралар туралы» қаулысынан оның заңды негізіне айналды (Омарбеков, 1994).

Ресей, Украина, Белоруссия жерлерінен әкелінген кулактар туралы айта келіп, жергілікті байлармен күрес науқаны да қатар жүргенін естен шығармаған жөн. Негізгі анықтамасы бойынша «Кулактар – жалдамалы жұмысшы күшін қанау, саудагершілік өсімқорлық, арендаға жер беру, күш көлігін, ауыл шаруашылық құрал-саймандарын жалдау арқылы байитын село буржуазиясы». (Қазақ Совет Энциклопедиясы, 1977). Патша дәуірінде П.А.Столыпіннің жаңа ауыл шаруашылық буржуазиясы ретінде қалыптастырған осы бір жаңа табы – кеңестік биліктің басты жауларына айналды. Төңкеріске дейін капитализмнің аграрлық саладағы басты тірегі болған бұл жіктің ұжымдастыруға қарсы болғандығы белгілі. Олар да қазақ байлары секілді ең алғашқы болып тәркілеу мен жер аударуға ұшырады. Столыпін реформасынан кейін қалыптасқан кулактарға 1921 жылы басталған ЖЭС нәтижесінде қорланған ауқаттылар қосылып, еңбекпен тапқан мал-мүлкін ортаға салатын колхоздарға кіруден бас тартатыны сөзсіз.

Кеңестік билік олармен күресті кеңінен жүргізді. Орыс, украин және өзге де еуропалық ұлт өкілдерінен құралған кулактар өз туған жерлерінен Сібір мен Қазақстан территориясына жер аударылды. Сонымен қатар, көп жағдайда жаңа билік ұжымдастыруға қарсы болғандардың барлығын осы әлеуметтік таптың қатарына жатқызды. Қарастырылатын мұрағат деректері орыс тілінде болғандықтан, бізге «кулактар» қатарын да анықтап алу зерттеу міндеттерінің бірі деп есептейміз. Олардың қатарына: 1) азын-аулақ ауқатты, жеке шаруашылығы бар, колхозға кіруден бас тартқан адамдар да; 2) Украина, Ресей, Белоруссия секілді КСРО-н еуропалық бөлігінен жер аударылған жандар да қамтылуы мүмкін. Бұл екі топтың ұлттық-шаруашылық ерекшеліктерінің, саяси сауаттылығының, экономикалық талаптарының басқаша деңгейде екендігі де назардан тыс қалмауы тиіс.

1930 жылдың 19 ақпанда ҚАКСР ОАК мен ХКК «Жаппай ұжымдастыру аймақтарындағы ауылшаруашылығын социалистік қайта орнықтыруды нығайту бойынша және кулактар мен байларға қарсы күрес бойынша шаралар туралы» қаулы қабылданды. (Собрание указаний и распоряжений КАССР, 1930) Кулактарды тап ретінде жою бойынша шараларды дайындау және жүзеге асыру жөніндегі БКП(б) ҚӨКП жанындағы комиссия өзінің 1930 жылғы 23 қаңтардағы отырысында Ресей мен Украинадан Қазақстанға жіберілген 30 мың кулакты орналастыру туралы мәселені қарады. Олардың қазақтың байлары орналасқан аймақтарына қоныстануы керек болды. (АОМА.Қ.13.Т.3.П.339). Еуропа елдерінен келген шаруалар Ақтөбе өңірінде негізінен отырықшы аудандар Қобда, Қос-Естек, Мәртөк, Ақтөбе, Ақбұлақ аймақтарына қоныстандырылды.(авт). Қаулы негізінде жеке шаруашылықтарға жерді жалға беруге, жалшы еңбегін қолдануға, атқару комитетінің рұқсатынсыз көшуге және мүлкін сатуға тыйым салынды. БКП (б) ҚӨКП республикаға шеттен 30 мың кулактардың отбасын көшіруді жоспарлады. Оларды көшіру үшін республикадан 9 аудан белгіленді. (АОМА.Қ.13.Т.1.П.339.П.50-52). Негізінен ондай жерлерге құмды, теміржол мен өнеркәсіп орындарынан шеткері аудандар тандалды. Сондай ең ірі пункттердің бірі Арал маңы болды. Кулактар мен байларды қоныс аудару бағыттары; а) Балқаш көлінің батыс жағалауына – 2 мың шаруашылық; б) Каспий жағалауына (Гурьев округінің Жылой ауданы) – 2 мың шаруашылық; в) Ақадыр, Құсмұрын, Қашырлы ауданына, Керей, Қыпшақ, Теңіз (Ақмола округі) өзендері

мен көлдері жағалауларына – 5 мың шаруашылық; г) Қостанай округіне – Торғайдан Ақтөбеге округінің шекарасына дейін (Тұрсын, Аққұм құмдарына, Ақкөл жағалауына, Жыланшық өзен) – 1500 шаруашылық; д) Ырғыздан Шалқар көлінің жағалауына (Ақтөбе округі) – 1500 шаруашылық; е) Ембі, Сағыз, Наған өзендерінен Үлкен Борсық құмдарына дейін (Ақтөбе және Гурьев округтері) – 2 мың шаруашылық; Шығыс Дегелең және Мыржыққ тауларының аймақтарына (Семей және Қарқаралы округтері) – 2 мың шаруашылық күштеп көшірілді (АОМА.Қ.13.Т.3.І.339.П.50-52).

Есеп беру мерзімі ішінде кулактардың көңіл-күйі БАШС (бірыңғай ауыл шаруашылық салығы) байланысты, бұл олардың жалпы жиналыстардағы осы салыққа деген ашық наразылықтарынан басталып, кулактар Кеңес билігі туралы теріс пиғылдағы пікірлерін білдірді. Кулактар «алда соғыс болуы мүмкіндігі» туралы алып-қашпа әңгіме таратып өз жақтарына орташаларды, ішінара кедейлерді өз жақтарына тартуға тырысып, антикоммунистік насихат жүргізуде. Наразылық арқылы тұқым себуди салық салуда көрсетпеу жағдайлары кездесуде, бұндай кулақтық әрекеттердің мысалы деп мыналарды айта аламыз:

1) Ақкемер болысының Қазақкий ауылында салыққа разы болмаған кулактар «Кеңес билігі бізді жан-жағымыздан түншықтырып, күн бермеуде, салық төлегенімізбен қоймай, айлық көлеміндегі сақтандыру сомасын да алуда» дейді.

2) Антикоммунистік үгіттер Мәртөк ауылында байқалуда, онда бірқатар азаматтар коммунистерге қатысты «Коммунистердің барлығы алаяқтар. Олар билікке келмегенде өміріміз жайлы да, арзан болатын, бүгінде бір пұт бидайға көйлек те ала алмайсың, шаруалар ақымақ болмаса өзара бірігіп оларға бір қадақ та нан бермеуі керек, қажет болса аштан қатсын» дегенді айтқан. Кулактар сондай-ақ соғыс туралы сыбыс таратуда, бұндай жайттар Ақтөбе облысының Ащылысай болысының Бурановск поселкасында тіркелген, онда кулактар бізбен сөйлескенде «Бізге жақында шетелдіктер соғыс ашады, коммунистер София соборын тонады, бұндай жайттар әлі де қайталанып, тағы да шаруаның барын сыпырып алады» дегенді айтты (АОМА.Қ.3.Т.2.І.6.П.366-384).

Халық наразылықтары мен толқуларының үшінші және ең басты себебі – барша КСРО территориясында 1927 жылы БКП (б) XV съезінен басталып, 1929 жылы «Ұлы бетбұрыс» жылы

ретінде ұрандалып, қарқынды дамыған ұжымдастыру науқаны болатын. Қазақ даласында осы бір науқан Кеңестер Одағының Батыс өңірлері мен Орталық Ресей жеріндегі ұжымдастырудан мүлдем басқаша сипатта жүргізіліп, шаруашылық-экономикалық, дәстүрлі, әлеуметтік және басқа да себептерін ескерусіз жүргізілді. Жоспар бойынша 1930 жылдың басына қарай Ақтөбе облысында жаппай ұжымдастыруға Мағаджан ауданында 5 480 қазақ және 1 850 өзге шаруашылықтар (мұрағат құжаттарында – европалық деп көрсетілген) тартылып, олар 1 451 319 га жерді қамтыса, Мәртөк ауданында – 3058 қазақ, 4776 өзге ұлт өкілдерінің шаруашылықтары мен 783 409 га жер, Ақбұлақ ауданында 2 334 қазақ, 4 620 өзге ұлт шаруашылықтары 640 958 га жерді қамти отырып тартылған (АОМА.Қ.63.Т.1.І.69.П.164). Ұжымдастыру барша КСРО территориясындағыдай Қазақстанда да қандай да бір болмасын әлеуметтік, психологиялық, материалдық даярлықсыз, шаруашылықтардың көшпелі немесе отырықшы екендігіне қарамай жүргізілгенін баса айту керек. Мәселен, Ырғыз ауданында 1930 жылдың басында екі артельдің бірі «конфискациядан алынған малды иеленіп (70 бас), ал екіншісінің ештеңе алмағандығы туралы баяндалып, олардың екеуі де Жарғының не екенінен бейхабар, шаруашылықты жеке-дара жүргізіп, мүлікті қоғамдастыру жасалмағандығы» баяндалады (АОМА.Қ.63.Т.1.І. 23. П. 128).

Шаруа қожалықтарын ұжымшарларға біріктіру ірі масштабты күштеу әдісімен, тым қысқа мерзімде өткізілді. Мәселен, Қобда ауданында жекеленген милиция қызметкерлері «өз бетінше тінту жүргізіп, қызмет бабын жеке мақсаттарына қолданды. Алынған мүлікті өзіне иемдену, алу қарастырылмаған өнімдерді заңсыз тартып алу (май, ет, құйрық май және т.б.), сондай-ақ, заңсыз тұтқындаулар, «мылтықпен үркітіп малды тартып алу, колхоз қызметкерлерінің жұмыстарын тоқтату жүзеге асырылды». (АОМА.Қ.13.Т. 1. І. 311.П. 21). Осылайша КСРО-да тоталитарлық әкімшіл-әміршіл жүйенің шаруаларға қарсы саясаты ұлттық шекараларға қарамады, ол қазақ шаруаларына да, орыс мүжығына да, бір сөзбен ауыл шаруашылығымен айналысқан жанның барлығына бірдей бағытталды. Әрине, 1929-1933 жылдардағы Қазақстанның ауылдары мен деревняларында жүрген мұндай ұжымдастыру саясаты, онымен бірге жүрген астық және ет дайындау, конфискациялау саясаттары республиканың ауыл шаруашылығына, бірінші кезекте мал шаруашылығына орасан зор шығын әкелді.

Ұжымдастыру қазақ малының түбіне жеткен. Мысалы, уәкіл Идельсон Шалқар ауданынан былай жазды: «Біз басында әр отбасына бір-бір сиыр, бір ешкі қалдыруды ұйғардық, малды ұжымшар аумағына біріктірген жағдайда, елді дымсыз қалдырып, жаппай аштықтан өлуге алып келеміз» деп жазса. Бірғыз ауданында, Құлымбетов мәлім еткендей, көшпенділерді жер астынан шығатын суы да жоқ құмды шөлге қуып тығылған. Бұл аз болғандай, ұжымшар үйлерін ескі молалардың үстіне салған, ал қазақ үшін бұдан асқан сорақылық, әруақ атқан қасиетсіздік болмайды. Адамдардың жай-күйі не болмақ, ол жағына функционерлер басын қатыра қоймайтын. 1932 жылы Қарқаралы ауданына 9 мың адам көшіру жоспарлаған, наразы халықтың кетуі, қашуының нәтижесінде үштен бірі ғана қалған. (Киндлер, 2024).

Жеткілікті экономикалық базасы болмағандығына қарамастан және жаппай бұқаралық түсіндіру жұмыстарынсыз колхоздарға орташаларда, кедейлер де енгізілді. Билік қаңтар директивасында батырақтарды 100% қамту көзделді, олардың 75% салғырт салу барысында ұжымдастырылды. БКП (б) Шалқар аукомы 1929 жылы 0% болған ұжымдастыруды 1930 жылы 54% жеткізген, Бірғызда бұл көрсеткіш 4 күн ішінде 70% жеткен. Мәжбүрлі ұжымдастыру кезінде барлық мал ортақтастырылып, оны союға тыйым салынды, ал көшпелі халықтың басты қорегі ет болғандықтан, бұл тыйым олардың ашаршылыққа ұшырауына әкелді. (ҚР ПА.Қ.141.Т.1.І. 2953. П. 38-76).

Мәжбүрлі ұжымдастыру науқанына кереғар келген басты мәселе – көшпелі шаруашылықтың ерекшеліктерін ескермеу екендігі туралы жоғарыда айтып өттік. Бұл проблеманы шешуде биліктің жүзеге асырған әрекетінің бірі, яғни халық наразылықтары мен көтерілістерінің келесі бір, *төртінші себебі* – күштеп отырықшыландыру, яғни көшпелі халықтарды мәжбүрлі седентаризациялау саясаты еді. Аталмыш себептерге талдау Ж.Таңатарованың «Қазақстанның Батыс аймағындағы күштеп ұжымдастыру және оның ауыр зардаптары (1930-1937 жылдар)» атты еңбегінде жан-жақты қарастырылады. Расында да, көп ретте көтерілістердің, ашаршылықтың және басқа да зұлматтардың себептерін талдауда мәжбүрлі седентаризацияға көңіл бөлу жетіспей жатады. Ал шын мәнінде қазақ қоғамын әлсіретудің бірден-бір жолы – оны даламен байланысынан, кеңістікті игеруінен айыру, ал отырықшы шаруаны жерді таңдап егін егу мүмкіндігін шектеу болды.

Ғалымның пікірінше, жаппай ұжымдастыру кезіндегі жөн жосықсыз күштеу шаралары халықты әбден тығырыққа тіреді. Осындай халге түскен елдің алдында не өзінің дағдылы шаруашылық болмысын өзгерту, не болмаса басқа салғанын көру тұрды... Үкіметтің ендігі саясатына көңіл аударған ел, ал халықтың шарасыз күйіне назар салған үкімет болмады. Мақсат – қайтсе де орталықтың саясатын күшпен болса да іске асыру болғандықтан бұл жолда жоғарғы басшылық ештеден тайынбады. Орталықтың жаппай ұжымдастыру саясатын қарқынды жүзеге асыру үшін Қазақ Өлкелік Комитеті көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруашылықтарын отырықшыландыруды қолға алды. Бұл мәселе алғаш 1929 жылы 4 қарашада өткен Қазақ Өлкелік комитет бюросы мен желтоқсан пленумында көтерілді. (Таңатарова, 2000)

Қарашадағы өлкелік комитет бюросының шешімінде отырықшыландырудың түпкі мақсаты қазақ халқының кедей және орташа тобын ірі колхоздар жүйесіне жүз пайыздық біріктіру болып табылады деп атап көрсетті. (Таңатарова, 2000) Жаңадан ұйымдастырылатын ірі колхоздар көшпелі және жартылай яғни көшпелі шаруашылықтар түрінде бола алмайтын еді. Сондықтан Кенестер Одағындағы көшпелі және жартылай көшпелі қожалықтардың 80 процентке жуығын құрайтын Қазақстанда, оларды отырықшыландырмай колхоз құрылысын іске асыру мүмкін емес болатын. Осы бюрода қабылдаған «Қазақ халқын отырықшыландыру туралы» қарарында «Қазақтардың үлгі боларлық отырықшы шаруашылық ұяларын» жеделдете жасау қажеттігі айтылды. Қабылданған қаулыда тұңғыш рет 1929-1930 жылдары отырықшыландырылуға тиісті аудандардағы қожалықтардың барлығының кем дегенде 12% қамту талап етілді. (Омарбеков, 1997). Егер 1931 жылғы 14 желтоқсанда Халық Комиссарлары Кенесі жанындағы Отырықшыландыру жөніндегі республикалық комитеттің техникалық кеңесінің хаттамасында көшпелі және жартылай көшпелі қожалықтар саны 706 мың деп көрсетілгенін ескерсек, оның алғашқы жылы кем дегенде 84 мыңнан астамы отырықшыландыруға тиіс болды/42/. Алайда жобамен алынған алғашқы жылғы отырықшыландырудың бұл жоспары нақты өмірден алшақ, ешбір негіздеусіз қабылданған шешім еді.

Отырықшыландыру арнайы мәселе ретінде алғашқы рет 1930 жылғы 2 қаңтарда өткен Қазақ Орталық Атқару Комитетінің 2 сессиясында талқыланып, онымен жоспарлы түрде айналысатын тұрақты комитет құруға шешім қабылданды. (ҚР

ОМА.Қ.1179.Т.6.І.7.П.342). Міне, осыдан кейін 8-қаңтарда Халық Комиссарлары Кеңесінің жанынан отырықшыландыру жөнінде республикалық комитет құрылды.(ҚР ОМА.Қ.1179.Т.2.І.1.П.26).Құрылған комитеттің ережесі Қазақ Орталық Атқару Комитетінің 2 сессиясында бекітіліп, нақты іс-шараларға негізі қаланды.(ҚР ОМА.Қ.1179.Т.6.І.7.П.342).

Ереже бойынша Республикалық комитетке Халық Комиссарлары Кеңесінің директивті органы ретінде отырықшыландырудың барлық шараларын жоспарлап, өрі шұғыл басшылық жасау жүктелді.

Республикалық комитетке көшпелі және жартылай көшпелі қазақ халқын социалистік ауыл шаруашылығы (колхоз, совхоздар), өнеркәсіп, транспорт пен өндіріс базалары негізінде отырықшыландыруға, сондай-ақ Қазақ ССР аудандары мен совхоздары, транспорт пен өнеркәсіп, өлкелік мекемелер, Халық Комиссарлары Кеңесінің желілері бойынша барлық шараларды біріктіріп, басшылық ету тапсырылды. Сонымен қатар Комитетке мынадай міндеттер де жүктелді:

а) Қазақ АССР жер, колхоз және еңбек органдарының ұсынысы бойынша отырықшыландыру аудандары мен контингенттерін бекіту,

ә) отырықшыландыратын халықтан құрылатын колхоздарда егіншілікті, тауарлы мал шаруашылығын, оның өнімдерін өңдеу мен өткізуді дамыту;

б) дәрігерлік-санитарлық, агрономиялық, зооветеринарлық, мәдени-ағарту қызметтерін және кооперативтік құрылыстарды жүргізу;

в) өнеркәсіпке, транспортқа және совхоздарға тұрақты жұмыс күші ретінде отырықшыландыратын адамдар тарту, олардың кәсіби мамандығын арттыру;

г) халық шаруашылығының барлық салалары үшін, отырықшыландыратын халықтардан мамандар дайындауға бағытталған шараларға басшылық ету және бақылау жасау тапсырылды.

Республикалық комитеттің округтік атқару комитеттерінен өз аумақтарында отырықшыландыру комитеттері мен бөлімдерін шұғыл ұйымдастыру жөніндегі талабы бірден іске аспады. Ал отырықшыландыру жөніндегі округтік комитет біртіндеп болса да алғаш Батыс Қазақстан округінде құрылды. Отырықшыландыру комитеті көп ұзамай Ақтөбе округінде да құрылып, оның хатшылығына Жанболатов пен екі жауапты атқарушы тағайындалды. Округтік жер басқармасы бұл кезде әлі құрыла қоймаған еді. (ҚР ОМА.Қ.1179.Т.1.І.51.П.29).

Өлкелік комитет 1929-1930 жылдары отырықшыландыруға жатқызылған 84340 көшпелі және жартылай көшпелі шаруа қожалықтарын 34 аудан бойынша мынадай округтерге орналастыруды жоспарлады: Алматы 2, Сырдария 5, Ақтөбе 5. Гурьев 2, Костанай 5, Павлодар 3, Семей 3, Каркаралы-2. Петропавл 7. (ҚР ОМА.Қ.1179.Т.2.І.10.П.80).

Оның ішінде Ақтөбе округі бойынша жоспарланған 9877 шаруашылықтың 1988-і Ақтөбе ауданында, 3413-і Мұғаджар ауданында, 1376-сы Қобда ауданында, 900-і Ырғыз ауданында, 2000-ы Ойыл ауданында, ал Гурьев округінің Бақсай ауданында 1000 шаруашылық отырықшыландыруға жатқызылды.(ҚРОМА.Қ.1179.Т.6.І.6.П.24).

Мәжбүрлі отырықшыландыруды жүзеге асыруда еркін көшу аймақтарын отырықшы ету мақсатында жүргізілген жаңа биліктің территориялық саясатының да халық толқуларының негізгі себептерінің бірі болғандығын айта кеткен жөн. Оның ішінде Маңғыстаудан басталып Қазақстанның батысының ауқымды территориясын алып жатқан Адай округінің қайта межеленуі ерекше роль атқарды.

1930 жылдың тамызында Ақтөбе округінің Табын және Ойыл аудандарында толқулар басталды. Адай округі таратылып, оның бірқатар аудандары Гурьев округіне, Ойыл мен Табын ауданының жерлері Ақтөбе округіне берілді. Бұл хабар халықтың наразылығын, шағымдарын тудырып, кейін ауа көшу мен көтерілісшілер топтарының пайда болуына әкелді.

Жалпы территориялық қайта межелеу саясаты туралы айта келіп, көтерілістердің территориясын географиялық тұрғыдан бүгінгі әкімшілік құрам бойынша қарастыру дұрыс емес. Себебі XX ғасырдың өн бойында бірнеше рет межелеу саясаты жүргізіліп, XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы әкімшілік-аумақтық құрылым мүлдем басқаша болған еді. Негізінен ол бастапқыда рулық-шаруашылық принципке негізделген болатын. Көтерілістер басылып, мәжбүрлі седентаризация саясаты жүзеге асырылған соң барып, жаңа үкімет, территориялық-шаруашылық принципмен аудандарды қайта бөлуді жүзеге асырды. Мұндағы тағы бір мақсат – рулық тұтастықты бұзу екендігі де белгілі. Оған көтерілістерді қайта болдырмау және «Бөліп ал да билей бер» ұстанымымен олардың салдарымен күресудің бір әдісі екендігін көре аламыз.

Аталған себептердің ең бір маңызды орын алатын *бесінші себеп* – жаңадан құрылған ұжымшарларға таңылған ақылға сыйымсыз жоспар

орындау науқандары, салық пен жоспар міндеттемелерінің шектен тыс артуы, олардың жүйесіз жүргізілуінің халықтың ашу-ызасын тудыруы.

Аталмыш саясатты қолдамай, оның келешегінің дүдәмал екенін айтқан жандар да болды. Сібір өлкелік ауыл шаруашылығы банкі басқармасының төрағасы С.И. Загуменный И.В. Сталиннің осы ұстанымының үлкен қате екендігін, ауыл шаруашылығы өнімін өндіруге ыңғайланған кулактар ол заңды ұстанбайтындығын айтты, былай деп жазады: «...орта шаруалар мен кедейлердің негізгі бөлігі кулактарды тек астық сатпағаны үшін ғана сотқа тартуды соғыс коммунизмі уақытына, азық-түлік салымы кезеңіне қайтару ретінде қарастыратынына сенімдімін... Астықты «шығармағаны» үшін кулакты айыптау орташаларды ерте ме, кеш пе, астықтың белгілі бір бөлігінің иесі ретінде кезек оларға да жетеді деген сенімге әкеледі. Менің ойымша, біз тым қатты бұрылыс жасаудамыз» (Загуменный, 1991).

Астық дайындаудағы мәжбүрлеуге БКП (б) Саяси Бюросының мүшелері Н.И. Бухарин, А.И. Рыков, М.П. Томский, КСРО Қаржы ХК орынбасары М.И. Фрумкин және т.б. қарсылық білдірді. М.И. Фрумкин БКП (б) ОК Саяси Бюросына жазған хатына (15 маусым 1928 ж.) партияның деревнядағы саясатына күмән келтіреді. Ол: «... біздің экономикалық жағдайымыздың нашарлауы XV съезден кейін ауылға қатысты жаңа саяси ұстаным арқасында күшейе түсті, нәтижесінде кедейлердің аз бөлігін қоспағанда, бүкіл ауыл Кеңес өкіметіне қарсы көңіл-күйде» – дейді. (Трагедия советской деревни, 1999).

Бұл экономикалық нашарлаулар өз кезегінде халық наразылығын тудырмай қоймады. Сол кездегі ауыл жағдайы көптеген ресми құжаттармен сипатталады. Мәселен, БОАК хатшысы А.С. Киселевтің БОАК Президиумының БКП (б) отырысында жасаған баяндамасында деревнядағы жағдай туралы: «Мұндай мәжбүрлеу және әкімшілік қысым шаралары шаруалардың көңіл-күйін мүлдем бұзды».....Соңғы уақыттарда ауылдардағы антисоветтік көңіл-күй шаруалардың астықтарын алуға байланысты күшейе түсті. Егер олар тек кулактардан алса, онда бұл ештеңе болма қоймас еді, бірақ астық орта шаруалар мен кедейлерден де алынды... Осыған байланысты «көңіл-күй... жаман», «ауылда егін егуді азайтуға деген үмтылыс пайда болды («өзің үшін сеп»)). «Шаруалар шынымен әскери коммунизмге келдік пе дейді... шаруашылықты одан әрі дамыту үшін берік база болатынына нақты сенім жоқ... Біз шаруа қожалығының

қызметін жүргізуге мүмкіндік бермейтін асыра сілтеулер бар деп санаймыз» (Ивницкий, 2009).

Соған қарамастан билік жоғарыда көрсетілген директиваларды жүзеге асыруға күш салды. 1928 жылдың 11 қаңтарында ҚазАКСР ӘХК тарапынан жан-жаққа құпия түрде циркулярлы хат жолданады. Онда астық дайындаудың ел үшін маңыздылығы айтылып, губерниялық прокурорларға, губерниялық сот төрағаларына осы шараның орындалуын қатаң қадағалауы және басшылыққа алынуы тиіс 11 директивалық тапсырма жіберіледі (Трагедия казахского аула, 2013). Ал 1928 жылдың 22 қаңтарында Ақтөбе губерниясының барлық прокурор көмекшілеріне құпия циркуляр жолданады. Онда: «БКП (б) ОК, өлкелік комитет және КСРО ХКК директиваларына сәйкес Қазақстанның барлық партия және кеңестік ұйымдар алдында үстіміздегі жылы Одақтың жалпы шаруашылық жоспарында аса саяси маңызы бар астық дайындау науқанын өткізуде жауапты міндет тұр. Сондықтан жалпы Қазақстандағы, оның ішінде біздің губерниядағы барлық прокурорлық сот-тергеу аппараты жоғарыда көрсетілген науқанға қатысуға тап-түйін дайын болуы керек» деп көрсетілген (АОМА.Қ.3.Т.3.І.187.П.73).

Билік бұл директивалар мен шешімдер сөзсіз орындалады деп ойлады. Алайда, жоспар орындалмады. ҚазақСР Сауда Халық Комиссариатының 1928 жылға бекіткен жоспары 1,5 млн. пұт астық жинау жоспарда болды. Оның 1 сәуірге дайындалғаны 40 000, сәуірде 27 709, мамырда 12 141, барлығы 79 850 пұт болды. Жалпы мамырға жоспарланғаны 268 000 пұт болған еді. Көріп отырғанымыздай оның бар болғаны 4,5% орындалды.

Сәуір, мамыр айларындағы астық дайындау нашар жүрді, оның басты себебі, губернияда осы іспен айналысатындардың, тіпті партия аппараты қызметкерлерінің де артық астықтың жоқтығына көз жеткізуі туралы көңіл күйде болғандығынан еді. Жауапты қызметкерлер енді «қандай да болмасын оң нәтижеге үміттенуге болмайды» деп мәлімдейді (Трагедия казахского аула, 2013).

Енді билік мақсатына жету үшін мәжбүрлі күш қоддану саясатын бастауы тиіс болды. Жергілікті жерлерде астық дайындау туралы анықтамада астық тапсырмағандар үшін Қылмыстық Кодекстің 58 және 107-баптарын қолдану, қораларды аралау және тінту, жер телімдері мен сайлау құқықтарынан айыру, тұтқынға алу және мәжбүрлі көшіру, күш қолдану және т.б. көрсетілді. Жекелеген қожалық топтары астық өнімдерін беруден бас тартқан жағдайда РСФСР

ҚК-нің 61-бабының 3-бөлігіне қатысты билікке қарсылық білдіргені үшін қылмыстық қудалауға тартылатын болды. (Ивницкий, 2009).

Мысалы, Ақтөбе округының № 33 ауылының тұрғыны Исхаков Мұқанның 1 аты мен 1 сиыры ғана бар, ал оның ағасы батрақ болып жүріп 30 сажын жерге тұқым сепкен, оған алдымен 24 пұт, кейін тағы да 40 пұт міндеттеме салынған. Бұл үшін ол екі бас малын сатып, астық тапсырды... Көктемгі тұқым себу туралы айтудың өзі артық, себетін ештеңе жоқ. Мұндай жағдай біздің ауылда ғана емес, барлық округте түгел қалыптасты...» (Исмагулов, et. at., 2023).

Әрине, ауқаттылардың (кулактар) өз астығын мемлекеттік бағамен сатуға шығармауы, соған байланысты қарсылықтары, астық бермеуге қатысты үгіт-насихаттары, т.б. әрекеттері түсінікті де еді. Азамат соғысы кезінде қолданылған азық-түлік салғырты ЖЭС-ке көшудің арқасында 1921 жылы азық-түлік салығына ауыстырылғаны белгілі. 1928 жылы басталған астық науқаны арқылы бұл саясат түгелдей бұрмаланып, өкімет өз заңдарын өздері бұзды. Бұл билікпен арадағы қарым-қатынастың бұзылуына, наразылықтарға, қақтығыстарға әкеп соқтырды. Оған жауап ретінде заңсыз жазаға тарту, қудалау, тұтқындау, соттау процестері Ақтөбе өңірінде де үлкен қарқынмен жүргізілді (АОМА.Қ.193.Т.1-1.97.П.8).

Көп ұзамай, осындай жолмен сатылатын астық та қалмады. 1928 ж. ақпан айының аяқ жағында астық дайындау біршама төмендейді. Көп құжаттарда оның себебі ауа-райының қолайсыздығы (боран) деп көрсетіледі. Ал шын мәнінде кулактар, ауқаттылар астықтарын сатуға шығармауды жалғастыра береді. Себебі, мемлекеттің сатып алу бағасы тиісті мөлшерден өте төмен еді. Олар астықты көктемге дейін ұстауды, сол кезде 3 сомнан сатуды ойластырады. «Пұтына 3 сомнан алмайынша астық тапсырмаймыз», «Бұл жылы ештеңе себудің қажеті жоқ, бәрібір тартып алады» деген пікірлер айтады (Совершенно секретно», 2004).

Ақыры 1928 жылдың жазына қарай себілетін тұқымның болмауы, қуаңшылық және т.б.себептерден егін шықпауына байланысты нан тапшылығы байқалды. Әсіресе, бұл жағдай кедей отбасыларға ауыр тиді. Нан, мысалы, Ақбұлақ поселкесінде адам басына жарты фунттан көртішкемен берілген. Мартук поселкесінде 100 адам (көбі әйелдер), Ақбұлақ поселкесінде 50 адам, Темір қаласында 40 адам (әйелдер) үкімет кеңселері алдына жиналып, нан берулерін талап етті. Көптеген адамдар: «Бұл Кеңес үкіметі жа-

маншылығы жағынан Николай кезінен де асып түсті, қазір 1921 жылға қарағанның өзінде нашар өмір сүрудеміз» деп айқайлайды. Мұндай әрекеттер Қазақстанның басқа жерлерінде де орын алды. Үкімет халық наразылықтарын «кулактар арандатқан контрреволюциялық бас көтерулер» деп көрсетеді.

Билік осы талаптармен күш қолдану арқылы күресіп, бұл өз кезегінде 1920-1930 жылдардағы көтерілістердің жалпыұлттық сипатын тудырды.

Жалпы, 1929 жылдың сәуір – 1930 жылдың қаңтар айларының аралығында кей деректерге сүйенсек Ақтөбе округтік соты және РКФСР Жоғары Соты қазақ бөлімінің Қылмыстық Кассациялық Коллегиясы қараған істерден РКФСР ҚК 58-10 бабы негізінде жауапқа тартылғандар ішінен ату жазасына кесілген, ұзақ мерзімге бас бостандығынан айырылғандар саны дәл емес мәлімет бойынша 85 адам болған.

Тек қана 1930 жылдың наурыз айының өзінде Ақтөбе округтік сот пленумында астық дайындау мәселесіне байланысты 704 іс қаралған, оның 418-і бір ғана 61-баптың 1, 2, 3 тармақтарына байланысты болды. Басым бөлігі кулактар мен байлардан тұратын 208 жан сотталады, түрлі мерзімге қоныс аударылады. Олардың 99-ы қазақ байлары еді. Негізсіз айыптауға тартылып кеткен 332 орташа мен 54 кедейдің жазалары жеңілдетіледі немесе мүлдем босатылады.

Мұрағат деректері бойынша Ақтөбе өңірінде 1928-1930 жылдар аралығында бір құжатта 4 мыңнан аса, келесі бір құжатта үш жарым мыңдай жан сотқа тартылған.

Халыққа қарсы жүргізілген саяси-шаруашылық науқан ішінде ет дайындау мәселесі де астық дайындаудан кем түспейтін салдарларды тудырды. Онсыз да астық жоспарын көп жағдайда малдарын өткізу арқылы орындаған қазақтарға жаңа қасірет төнді. Бұл шараны жүзеге асыруда БКП (б) ОК ет проблемасын шешуге қатысты 1929 жыл 20 желтоқсандағы қаулысы ерекше рөл атқарды. Республика, оның ішінде Ақтөбе өңірі де Орталықты, басқа да республикаларды қамтамасыз ету үшін «Союзмясопродукт», «Животноводсоюз», «Скотовод» сияқты акционерлік қоғамдарға ет өткізіп отырды. (Омарбеков, 1997).

Қазақ халқы мемлекетке мәжбүрлі түрде астық, ет тапсырумен қатар, жүн, тері, басқа да мал өнімдерін өткізуге тиісті болды. Ал бұл жоспарды орындау үшін мәселен, жүн тапсыруда шаруалар киіздерді, күпі киімдерін тарқатуға мәжбүр болды. Бұл жөнінде түрлі деректер көптеп кездеседі.

Нәтижесінде 1929-1933 жылдарда Қазақстанның ауылдары мен деревняларында жүргізілген мұндай ұжымдастыру мен оның ажырамас бөлігі болған астық пен ет дайындау, тәркілеу шараларының республиканың ауыл шаруашылығына, оның ішінде мал шаруашылығына кері әсерін тигізгені белгілі. Бар болғаны 3-4 жыл ішінде бұған дейінгі бірнеше миллионнан асқан малдан түк қалмады, шығындар 1928 жылғы мал санының оннан тоғызын құрады. Ал бұл қазақ халқының негізгі бөлігінің аштан қырылуына әкелді. Егер Қазақстанда ұжымдастыру басында ет дайындау 255,5 мың тоннаны құраса, «ұлы бет бұрыстың» соңында ол 56 мың тоннаға жеткен, ал Ақтөбе облысында 35,4 мың тоннадан 76 мың тоннаға дейін болған» (АОМА.Қ.13.Т.1-І.83.П. 24-43, 45).

Ақтөбе облысының егін шаруашылығымен айналысатын, орыс халқы басым болған аудандарында да ахуал дәл осындай болатын – астықты күштеп тартып алу көптеген адамды ашаршылыққа әкелді. Мәселен, Ақтөбе облысының Обаған ауданының шаруалары – Севастополь ауылдық кеңесінің Шалыш поселкасының тұрғындары Чернышенко Иван мен Мирошниченко Леонид «Дурацкая Советская власть, выразались нецензурными словами, наделала этих колхозов и совхозов и теперь нас, крестьян, душат ... голодом и холодом, когда придет пропасть на эту Соввласть, толи дело было раньше, всего достаточно было и хлеба, и мяса, никто не голодовал» десе, «Социализмге жол» колхозының мүшесі Горкуша Иван «Вот до чего дожилась Советская власть, что едешь за семенами и сороки на ходу клюют лошадей, да и люди с голодудохнут и умрут, когда уже придет пропасть на эту Советскую власть и на их руководителей. Ленина уже черти ухватили, еще бы нашлись такие, которые бы стерли с лица земли Калинина и Сталина» дегенді айтқан (АОМА.Қ.13.Т.1-І.341.П.36).

Астық дайындаудың 1927-1928 жылдың 1 – жарты жылдығында 1928 жылдың 15 ақпаны қарсаңында астық дайындау науқаны бойынша 449 іс қозғалып, оның 392-сі қаралды. Соған байланысты 95 кулак, 18 саудагер, 53 спекулянт, 24 алып-сатар тұтқындалды. (АОМА.Қ.3.Т.3-І.18.П.73). Кеңестік үкімет астық пен ет дайындауда жалаң ұрандар мен жоспарлар бекітіп, асыра күштеу әдістерін қолданды. Ақтөбе округы Ақбұлақ аудандық кедей батырақтарының конференция резолюциясында: «Астықты жасырып қалғандарға контрреволюцияшылдар ретінде ең жоғарғы жаза қолданылсын» деп көрсетілген

(АОМА.Қ.63.Т.1.І.281.П.33). Халыққа ауыр тиген астық пен ет дайындау науқанындағы мәжбүрлеу саясаты. Оған Ақтөбе округтік атқару комитеті төрағасының орынбасары Семеновтың Ақтөбе округінің аудандық атқару комитетіне жіберген құпия нұсқау хаты дәлел бола алады. Астық дайындауды орташа тіпті кедей шаруашылықтардан талап етілгендігін, әсіресе Ақтөбе өңірінде бай-кулактар мен қатар орташалар да әкімшілік жазаға тартылған. (АОМА.Қ.63.Т.1-І.5.П.222). Егін екпейтін аудандарға астық дайындау жоспары тапсырылып, олар астықты жоғары бағаға сатып алып тапсыруға мәжбүр болды. Әсіресе, Қарабұтақ, Ойыл, Алтықарасу аудандарында кездесті. (АОМА.Қ.63.Т.1-І.5.П.223).

Жалпы біз көп ретте көтерілістер себептерін экономикалық, саяси себептермен байланыстырып жатамыз. Дегенмен де баға беруде көп көңіл бөлінбей жатқан *алтыншы себеп* – Кеңестік биліктің «Мәдени революция» саясаты, «ескішілдікпен күрес», «жаңа пролетарлық мәдениет құру» секілді ұрандар арқылы ұлттың рухани болмысын жоюға талпыныстар. Әсіресе, мешіттердің жабылуы немесе діни қызметкерлердің билік тарапынан қудалануы, дәстүрлі мәдениеттегі рухани орталықтың тәркі, тіпті мазақ етілуі – ұлттық-діни намыстың тапталуына деген ашу-ыза халықтың биліктің солшыл саясатына деген қарсылықтарды туғызбай қоймасы анық еді. Ерекше көңіл аударатын факт – жергілікті халықты қамтыған көтерілістер мен бас көтерулердің басым бөлігінің мешіттер төңірегіне топталудан басталып, ишандар мен ахундардың оларға белсене қатынасуы, тіпті басшылық етуі мәселесі болмақ.

Өлкелік комитет қаулысында отырықшыландырудың басты максаттарының бірі – көшпелі қазақ халқының өзіндік ұлттық дәстүр-салтын және тұрмысын өзгерту екені ашық айтылды. Осылайша көшпелі халықтың тұрмысы жана қоғамдық құрылысқа қарсы қойылып, қоғамда оған қарсы түсініктер қасақана жандандырылды (Танатарова, 2000).

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның «Алашорда ісі» 1920-40 жж. құжаттар мен материалдар жинағының құжаттар мен материалдар жинағының 10 томы – «Сопы» операциясы деп аталады. Онда: билік тарапынан дінбасылар мен діни білімі бар тұлғаларға рухани қысым көрсетіп, «кеңестер билігіне халықты қарсы қойды», «антикеңестік орталықтар құрды», «лаңкестік істер жасады» деген айыптар тағып, қазақ өлке-

сіндегі басты діни ағымның бірі – сопылық ілімінің дәстүрлі формасына шектеулер қою арқылы күресу саясаты баяндалған. Әсіресе 1920-1930 жылдары «қазақ халқының өміріндегі ислам дінінің тағдыры сынға түскен, халыққа рухани шабуыл – дінге қарсы мақсатты түрде күрес жүргізу кезеңі» ретінде көрсетілген. Осы кезеңде дінбасылардың рухани жетекшілігімен халық дінсіз билікке қарсы күрестер бастағанын, 1928 жылдан бастап мешіттерде білім берудің, ал 1930 жылы вақфтар жүйесінің (мешіттердің мүлік, ақша алу құқығы) тоқтатылғаны айтылады. Діни қайраткерлер билік тарапынан жүргізіліп жатқан саясатқа өздерінің берген бағаларында: қазақтың дәстүрлі қоғамын бұзу, ашаршылық, жаппай ұжымдастыру, қожалықтардың малын тәркілеу, мешіттер қызметін шектеу үдерістерін халыққа келген «Ақыр заман» деп қорытындылап, кеңестер билігінің зұлымдығына төзбеуге шақырған наразылықтары туралы айтылады. БМСБ деректерінде «дінбасылар ресми үндеу жасау арқылы сенушілер өмірін қалыпқа келтіру үшін наразылықтар ұйымдастырып, саяси режимге қарсы үгіт-насихаттар жүргізді. Діни қызметкерлер, ишандар, молдалар, сопыларға қарсы «Ынтымақ», «Филиал» операциясы арқылы күрес жүргізілді» деген ақпарат берілген. 1930 жылдары Созақ, Тақтакөпір, Қарақұм, Ырғыз көтерілісшілерінің жоспарлары мен бағдарламаларында исламды қалыпқа келтіру талаптары да қамтылған. БСМБ «Сопы» ұйымын тарату операциялары туралы жазбаларында: «Сарбиевтер тобының жұмысы тоқтатылып, 40 адам қамауға алынды. Операция үш топқа жүргізілді: Ильес, Каркула-Ишан, Алланиязов, Кашанов. Сондай-ақ, Орта Азияда жүргізілген Хорезм және Ташауыз операциялары шеңберінде Ақтөбелік «Сопы» тобымен байланысы бар деген жаламен Южахмедов бандасы таратылды. Қарқаралы округінде 90 адам тұтқындалып, 25 адам бандиттік топ құрды деп айыпталып, олардың дүние-мүлкі тәркіленді» – делінген. Сондай-ақ, жинақта халық наразылығынан туындағын «Бұқара мен Түркістанды құтқару одағының» қоғамдық, саяси, экономикалық, діни, ұлттық құндылықтарға бағытталған күресі туралы ақпарат берілген. (Алашорда ісі..., 2023).

Ақтөбе өңіріндегі көтерілістің жалпы ел территориясындағы көтерілістермен байланысының бар болғандығы да осы жалпыұлттық діни тұтастықтан көрінеді. Себебі, діни қызметкерлердің, оның ішінде сопылық бағыттың тұтастығы Орта Азиялық Бұхара, Самарқан т.б. медреселерден білім алған жандардың ор-

тақ мектебінің әсерімен де бірігуі ықтимал. Ол алдағы уақыттарда зерттеуді қажет ететін мәселе.

Тағы бір фактілерден масал келтірсек. «1929 жылғы бұрынғы Сырдария округінің Бостандық ауданындағы қарсылықтарда «Кеңес өкіметі жойылсын!», «Кеңес билігі мен коммунистерге қарсы ғаззауат (Қасиетті соғыс)!», «Жасасын ислам діні!» ұрандары көтерілсе, Батпаққара көтерілісінің қатынасушылары «Мал және астық даярлау науқаны жойылсын!», «Еркін Қазақстан жасасын!», «Дін бостандығы жасасын!», ал Ырғыз және Жітіқара көтерілістерінде халық «Мұсылман діні үшін жан пида!», «Кеңес өкіметі мен коммунистер жойылсын!», «Қазақ халқының өркендеуі үшін!» ұрандарын алған, Биен-Ақсу көтерілісшілері «Кеңес билігі, салықтар, тұқымдық қор мен колхоздар жойылсын!», «Дініміз жасасын!» деп ұрандаған. Ал Катон-Қарағай, Зырянов, Көкпекті жерінде «Кеңес өкіметі жойылсын!», «Сібір автономиялық облысы бөлінсін!», «Еркін сауда жасасын!» деп ұрандаса, Жылықоса ауданында (бұрынғы Гурьев облысы) – «Мал даярлау науқаны жойылсын!», «Дербес хандық құрылсын!» деп бас көтерген. (Мұсағалиева, 2022)

Көріп отырғанымыздай, осы ұрандардан көтерілістің барлық алғышарттары мен оған түрткі болған мәселелер айқын көрінеді. Және ерекше назар аудартатыны – *экономикалық талаптар, діни, рухани мәселелермен* ұштасып, сосын біртіндеп – *еркіндік, тәуелсіздік мәселелеріне* қарай ойысқанын да көре аламыз. Бұл күреске көтерілгендердің саяси сауаттылығының артқанын, жай ғана шаруа емес, оларға сауатты басшылықтың да болғанына дәлел бола алады.

Төтенше уәкілдердің хабарлауынша «Билік мешіттерді әкімшілік жолмен жабуды алдын ала бұқаралық жұмыстар мен дінге қарсы насихат жұмыстарын жүргізбестен жүзеге асырды. Дінге қарсы үгіт-насихат жұмыстары мүлдем жүргізілмеген, жүргізілсе де сауатсыз, білімсіз жасалып, өз мақсаттарына жетпейді, тіпті керісінше діни наразылықты арттырады».

«Зобалан» еңбегінде Ырғыз өңіріндегі көтерілістің ошағы ретінде жабылып, кейін әр түрлі мақсаттарда пайдаланылған 7 мешіт туралы айтылған. Жергілікті тарихшы, өлкетанушы Б. Құлжаев келтірген деректерде Жайсаңбай, Құйылыс елді мекендерінің маңында Дүйсенбі аһун мешіті, Исатай мешіті, Қуанышбай мешіті, Сары мешіт немесе (Сәрекеннің мешіті), Дүзбай мешіті, Жайсаңбай мешіті және Мыңбай мешіттері деп келтірген. (Құлжаев, 2016).

Қасиетті орындардың тәрк етілуі туралы басқа да мәліметтер жеткілікті. Мәселен, Талас Омарбеков «Зобалаң» еңбегінде 1929-1930 жылдары Қостанай округының Батпаққара ауданында 14 мешіттің жойылғандығын келтіреді. (Омарбеков, 1994).

Қиналған халыққа рухани демеу болған дінмен күресті қарқындатуға ұмтылған биліктің әрекеттері туралы мұрағат материалдарында «Қазақстандағы бейресми діни ілімдермен күрес әкімшілік, сот және ағартушылық органдар тарапынан мүлдем жүргізілмейді. Ауылдық кеңестер мен болыстық атқару комитеттері діни қызметкерлерді жасанды құжаттармен жабдықтап, діни білім алушы жандардың жастарын өзгертіп көрсетуде. Мемлекетті шіркеуден бөлу туралы үкіметтік декреттің тәртібін бұзу туралы тергеу-тексеру органдарына түсетін істер әрі қарай қаралып, рәсімделмейді, көбінесе мүлдем тоқтатылады. Осылайша, діни қызметкерлер тарапынан заң бұзушылықтармен әкімшілік-соттық әрекет жасау арқылы күрес қиынға түсіп тұр» дей келіп, Ақтөбе облысы бойынша КСРО Конституциясының 65 бабы негізінде сайлау мен дауыс беру құқығынан айырылған жандардың тізімі келтіріліп, онда негізінен ишан, молда, муаззин, ахун, хазірет, мұхтасиб, мушаввир лауазымдарындағы 422 дін қызметкерлері қамтылады» деп берілген (АОМА.Қ.4.Т.1.І.12.П.306-318). Ақтөбе өңіріндегі кеңестік қуғын-сүргін зобалаңы. (архивтік құжаттар жинағы) Ақтөбе облысында 500-ден астам дәстүрлі дін қызметкерлері сайлау құқығынан айрылған. Онда мұсылмандық бағытта 400-ден астам, христианшылдық бағытта 100-ге жуық дін өкілдері сайлау құқықтанынан айрылған. (Саяси қуғын-сүргін..., 2022).

Сондай-ақ 1930 жылдары халықты кеңестік саясатқа қарсы қойды деген желеумен БМСБ сауалнамасында қудаланған, сотталған ату жазасына кесілген діни сауатты адамдар туралы мынадай ақпараттар бар: «1930 жылы Темір ауданының № 7 ауылында Жатаев Таймағанбет халықты жинап кеңес үкіметі дінді, халықтың жағдайын қиындатты, сіздер жаратушыдан оның құлауын, жойылуын тілеңдер деп үгіттеді» десе, осы ауданның № 3 ауылында Айтмурзахбетов Әбдуәлі «Кеңес билігі біздің дінімізді жоя алмайды, оны түбінде Құдайдың өзі Николай мен сол секілділер сияқты жойып жібереді» деген. Жалпы дін өкілдеріне байлардың тобын кеңестік идеологияға қарсы қойды, жергілікті аудандық атқару комитеттердің жұмыстарына кедергі жасады деген деректер кездеседі. «Нүрпейісов Жәнібек, бай, молда. Ол: «Жақында Кеңес билігіне

қарсы соғыс болады, біз капиталистерге капиталистік билікті қалпына келтіруге көмектесуіміз керек» деп, Троцкий мен Зиновьевтің іс-әрекеттерін мадақтады» (АОМА.Қ.707.Т.1.П. 8-11).

Мұрағат деректерінің басым бөлігінде көтерілістер мен толқулардың діни мәселелермен ұштасқандығын, оның басшылары қатарында діни мәртебесі бар адамдардың болғандығына дәлел болатын өзге де материалдар баршылық. Бұл кейінгі зерттеулерде де келтіріледі. Б. Құлжаев пен Т. Әбдірахмановтың еңбегінен халықтың кеңестер билігінен тәуелсіз хандық жүйені орнатуға тырысқанын, Ырғыз маңында топтасқан көтерілісшілердің Ақжарқын Қанаевты хан етіп сайлауын, қойылған талаптардың ішінде ислам дініне еркіндік беру талабын қойғанын, сондай-ақ, халық наразылықтарының мешіттер жанына топтасқанын, осының салдарынан кейін Ырғыз, Темір, Ойыл уездерінде ондаған мешіттердің күшпен жабылғандығы мен онда рухани көшбасшы болған діни қызметкерлердің қудаланып, тұтқындалғаны дәлелдер бола алады. Жалпы Ырғыз өңірде 12 ауыл өкілдері түгел қатысып, саны 2500 адамға жеткендігі, олардың Дүйсенбі ахун мешітінде жиналып, ұлт пен елдің тағдыры үшін шайқасқа шығу туралы шешімі қабылданып, онда Түменбай хан, бас сардар Сыдық Әйменұлы, бас кеңесші Исатай Сатыпалдыұлы бекітілгендігі тағы да дін мен халықтың бірлікте болғандығына айғақ бола алады. (Құлжаев & Әбдірахманов, 2020).

Мұрағат деректері бұрынғы ауыл старшындары мен байлардың ғана емес молдалардың, бақсылардың да тәркілеуге жатқызылғандығын көрсетеді. «Ақтөбе округы, Темір ауданының № 26 ауылында тұратын 72 жастағы молда мен имамдардың тұқымы Имамқұлов Абдулхат 1925 жылдан бастап рулық топтардың басын белсенді түрде біріктірушілердің бірі болды. Ол сондай-ақ, атқамінерлермен, оның ішінде № 27 ауылда тұратын Ерғали Тілесовпен байланыста болған. Имамқұлов бақсылықпен айналысып, кедейлерді «қанап келді» және 1927 жылға дейін оның тұрақты батыры болған. Ол халық арасында жүргізілген дінге қарсы саясатқа тікелей қарсы болып, тікелей өзі мен таныстары арқылы насихат жұмыстарын жүргізді. Оның 1 лашығы, 1 жертөлесі, 1 аты мен 15 қойы бар және өзінің көршілес жатқан аудандарында жақсы бедел мен ықпалға ие. Бірақ, 1930 жылдан бастап Имамқұлов бай ретінде дауыс беру құқығынан айырылды» (АОМА.Қ.63.Т.2.І.36.П.2). Зерттеу барысында тәркілеуге ұшырағандардың ішінде мал-мүлкінің жоқтығына қарамастан бақсылық,

тәуіпшілік еткен дін адамдарының да болғандығына осылай көз жеткізе аламыз. Бұл кеңестік биліктің халықтың таптық саясатының тек мүлктік тұрғыдан ғана емес, діни, әлеуметтік тұрғыдан да жүргізілгендігін көрсетеді.

Оның үстіне большевиктердің «бөліп ал да, билей бер» ұстанымымен рушылдықты, жікшілдікті қоздыру, оларды бір-біріне айдап салу, жаңа «айдарлар» тағу да патша заманынан келе жатқан саясаттың мәні бір – сипаты өзгеше әрекеттерінің бірі болды. Көтерілістер мен наразылықтарға әкелген *жетінші себеп* деп, биліктің партия ішлік тазартуды осы жаппай күрес науқаны шеңберінде жүзеге асыру, ру-ауыл аралық, жергілікті кадрлар мен «келімсек» кадрлардың күресін жүргізудің арнайы тәсілдерінің бірі ретіндегі «тазалау» саясатының салдарын айтуға болады. Бұрын ру аралық қақтығыстар жандандырылса, енді қоғамды таптық сипатпен бөлу орын алды.

Дәстүрлі қазақ қоғамында таптық күрестің болмағандығын, халықтың негізінен рулық принциппен топтасып «У ішсең руыңмен» қағидатын ұстанғандығы белгілі. Жаңа өкімет «құқықсыздар», «кулактар», «бандылар», «контралар», «басмашылар» секілді жаңа терминдер арқылы тұтас қазақты саяси-әлеуметтік жіктеу саясатын бастап жіберді. Ауылдың ауқатты бөлігін жаппай «құқықсыздар» (лищенцы) қатарына қосты. 1927 жылы бұл адамдар кеңестік қайта сайлау өткізер алдында сайлау құқығынан айрылды. Байлар мен ауқатты шаруаларға салық көбейтіліп, ет, астық өнімдерін дайындаудың көп бөлігі жүктелді. Партия мен кеңес аппаратын «ұлтшыл бай элементтерден» тазарту жүргізілді, «партиялық тазалау» жүргізілген кезде олардың қатарынан бірінші кезекте байлар мен оның жақындары, болыстар, ауыл старшындары, атқамінерлер, сұлтан әулетінің мүшелері шығарылды. (Алашорда ісі, 2023).

Бұл жерде халықтың бір-біріне көмектесуі, ағайыншылықты орталықтан келген төтенше уәкілдің «заңсыз топ құру», «ескі қоғамның сарқыншақтары» деп түсіндіріп, қылмыстық әрекет ретінде бағалауын көріп отырмыз. Осыдан келіп, жазалаудан қорқып, рулық туыстықтың тамырына балта шабылуы туындайтыны белгілі. Халықты «ескішілдер» мен «жаңа өкіметтің жақтастары» деп бөліп тұтастықты бұзудың әрекеттері де құжат материалдарынан көрініс табады.

Өлке басшылығы отырықшыландыруға таптық сипат бере отырып тиісті комитеттерден қазақ аулының жана құрылысқа бас бұруын «те-

жеуші» үстем таптарды жоюға (бар күштерін жұмсауға) шақырды. (Таңатарова, 2000).

1928 жылдың 8 тамызы мен 5 қыркүйегінде Қазақ АКСР ОАК Президиумы «Барлық Қазақстан еңбекшілілеріне» деген үндеу жариялайды, онда тәркілеу саясатының негізгі мақсаттары, оның дәлелдері ретінде «байлардың ауыл тұрғындарын «аяусыз және қатал қанауын» жалғастырып, оларды «қайыршылық пен мәңгілік қараңғылықта» ұстап отыр» деген секілді айыптаулар келтіріледі. Осылайша «кедейлерді байларға қарсы күреске итермелей отырып, биліктегілер оларға деген тұрғындардың жаппай өшпенділігін туғызуға тырысты. Тұрғындарды жаппай идеологиялық бөлу арқылы кеңестік шараларды жүргізуге қарсылық көрсетті, қастық үгіт-насихат, ұлтаралық, руаралық алауыздық арқылы республиканың экономикалық, мәдени дамуына кедергі болды» деп айыптаулар тақты. Ал 1928 жылғы 27 тамыздағы ҚАКСР ОАК мен ХКК қаулысы өзінің көптеген аспектілерінде байларға және олардың отбасы мен туысқандарына қатысты құқықтық «заңсыздықтарды» заңдастырды (Халидулин, 2015).

Ауылды идеологиялық жағынан жіктеудің бір көрінісі мына материалдан ақ көрінеді: «Қазақстанның антикеңестік қозғалыс қамтыған аудандары таза ұлттық, көшпелі шаруашылық салты бар қазақи, хандардың, байлардың, молдалардың қатты рулық ықпалына ұшыраған, мәдени жағынан артта қалған, діни фанатизм мен ұлттық шовинизмге бой ұрған халықтан тұрады. Бұл ерекшеліктерді жергілікті қызметкерлер мен басшылық органдар тарапынан жеткілікті дәрежеде ескерілмеген, ал кей жағдайларда партияның саясатын оғаш бұзуға дейін мүлдем қаралмай, оған назар аударылмаған». (ҚР ПА.Қ.141.Т.1.І.2953.П.38-76).

Ерекше назар аударуды талап ететін – патшалық кезеңнен келе жатқан ұлыдержавалық шовинизмнің ары қарай жалғасуы, орыс тілді ұлтты жергілікті халыққа айдап салу мәселесі. Деректерге сүйенсек: «Әкімшіл, әміршіл, қорқыту мен үркітуге негізделген әрекеттер бұрынғы патша шенеуніктерінен кем түспеді. Кедейлердің кеңестік қызметкерге жүгіне отырып, оның алдында өзін патша шенеунігінің алдындағыдай төмен санайды, басын иеді. Ұлы орыс шовинизмінің көріністері аз емес. Мәселен, Шалқар стансасының вокзалында милиция бастығының орынбасары (орыс ұлтының өкілі) орындықта отырған қазақтың астынан оны дөрекі жұлып алды, түрлі жиналыстарда орыс тіліндегі сөздерді қазақ тіліне аудармайды, аударса орыстар

аударып тұрған адамның сөзін естіртпейтін шу көтереді. Қазақстан территориясымен өтетін темір жол желісінің өн бойындағы барлық әкімшілік жұмыстарда станса бастығы, кассир, жол шебері, тіпті артель старостасына дейінгі қызметтердің барлығында тек орыстар, бірде-бір қазақ жоқ. Қазақтар қара жұмысшы болып қана еңбек етеді. Темір жолдың қазыналық үйлерінде тек қана орыстар тұрады. Қазақтарды қазыналық ғимараттарға кіргізбейді. Сәуір айында Сексеуіл стансасында көптеген қазақтарды жұмыстан шығарып, қазыналық барақтардан шығарып жіберген. Бір жолы пәтер сұрай барған қазақ жұмысшысына орыс бастық дәретхананы көрсетіп «Мынау сенің пәтерің, көшіп кел де қоныстан» деген. Тіпті БСМБ-ның жауапты қызметкерлерінің де ұлы орыс шовинизмінің өкілдері болып табылады. Мәселен Арал теңізі стансасының агенттері Иванов пен Алгущенко «қырғызды стрелкашы қылуға болмайды» және «қырғызды қазыналық үйге қоныстандыруға болмайды» деген пікірлерді ұстанады. Осының барлығы молдалар мен ұлтшылдарға антикеңестік насихат үшін, ұлттық қарама-қайшылықтарды тұтандыру үшін бай материал бола алады» (ҚР ПА.Қ.141.Т.1.І.2953.П.38-76).

Жаңа биліктің саясаты халыққа жіті түсіндірілмеді, болмаса билік оны күштеу арқылы жүргізсек «надан халық» айтқаннан шықпайды деген пікірге жүгінді. Шолақ белсенділердің осындай әрекеттерінің салдарлары туралы құжаттар да аз айтпайды.

Қазақстан бойынша Бас саяси мемлекеттік басқармасының (ОГПУ) Төтенше өкілінің орынбасары Альшанскийдің сөзінше: «Қазақ үкіметінің өкілі қатысып отырған жиынының өзінде жергілікті халықтың, әсіресе алыс аудандар халқының кеңестік билік, партияның мәні, оның саясаты туралы түсініктері аз, болмаса олар туралы кері пікірде. Мәселен, «социализм» сөзі жедел, жалпыға бірдей тепе-тең бөлу, «коммунист» сөзі – тартып алушы, «колхоз» сөзі – жалпылама жаттану және қолда барды бір жерге жинаушы, қазақты аштыққа әкелуші деп ұғынылады. Демек, олардың ойынша – Кеңес өкіметі – барлығын тартып алатын билік. Жергілікті, әсіресе төменгі деңгейде партия және кеңес органдары жат элементтермен ластанған, бұл ластанумен күрес мүлдем жүрмейді. Оған партия саясатының өрескел бұзылулары мен көптеген партиякомсомол қызметкерлерінің бандалар құрамына өтуі дәлел болады. Партия мен кеңестік биліктің саясатындағы асыра сілтеулер мен шектен шығулар байлар мен дін өкілдеріне контрреволюция-

лық көтерілісті ұйымдастыруға қолайлы негіз бола алды. Байлар мен діни қызметкерлер әрбір қателікті, оның ішінде партияның саясатындағы асыра сілтеулер мен бұрмалауларды контрреволюциялық насихаттар жүргізу үшін пайдаланып, өз үгіттерін Құранмен бекітіп, халықтың кедейлер мен орташалардан тұратын қауымына деген ықпалдарын күшейте түсуде. Жергілікті партия және кеңес қызметкерлері (ауылдар мен аудандарда) ауылдағы қалыптасқан саяси ахуалды ескермеді және артып келе жатқан антикеңестік қозғалыстарды тежеуге, кедейлер мен орташаларды байлар мен діннің ықпалынан шығарып алуға қатысты қандай да бір нақты қадамдар жасамады. Керісінше, ауылдағы тұрақсыз саяси жағдай бола тұрып, біздің саясатымыздағы асыра сілтеулер мен бұрмалаулар жалғасуда. Тіпті кей ауылдарда Кеңестер мен партиялық ұйымдар бандаларды ұйымдастырушылар жиналыстар өткізіп, бандалар құрылып жатқан кездің өзінде де мүлдем бірде-бір шара жасамады. Осылайша, байлар мен дін өкілдерінің контрреволюциялық бас көтерулері үшін жеткілікті мөлшерде қолайлы ахуал қалыптасты. Ырғыз, Қарабұтақ, Торғай және басқа да аудандарда бандаларды ұйымдастыру мен қалыптасуы қаңтар-ақпан айларында болған, дегенмен де бас көтерулердің сипатына (ұйымдасқандығына, барша Қазақстандағы көтерілістермен бірге басталуына) қарайтын болсақ, оған дайындық әлдеқайда ерте басталған деген пікір айтуға болады» (ҚР ПА.Қ.141.Т.1.І.2953.П.38-76) деген пікірімен келіспеске болмайды.

Билік тарапынан жүргізілген асыра сілтеу науқанын халық қана емес, жекелеген партия және кеңес органдарының өкілдері де қолдамады. «Қосшы» одағының бай шаруашылықтарын тәркілеу жөніндегі комитетіне ұсынылған Ақтөбе округі бойынша науқан барысы жөніндегі ақпараттық мәліметте: «Жекелеген фактілер төмендегі партия ұйымдарында белгілі бір нысанды жұмысқа қарсы әрекет етуші коммунистер бар екендігін растайды» деп айтылған (ҚР ОМА.Қ.352.Т.1.І.10.П.124). БКП (б) Қазақ бақылау комиссиясының VII Қазақ партия конференциясына ұсынған есебінде барлық республика бойынша 83 коммунист жауапкершілікке тартылды (Отчет Казахской контрольной комиссии, 1930). Осы шараларға ауыл интеллигенциясы ретінде мұғалімдерді қатыстырған. Деректерге қарағанда қалыс қалу позициясын ұстанғандар болған. Мысалы, Шалқар ауданында мұғалімдер былай деп мәлімдеді: «Тәркілеуді іс жүзіне асыру қиын жұмыс. Малды кедейлерге бөліп

беру керек, алайда олардың маңдайында кедей немесе орташа деп жазылып тұр ма. Қателіктер жіберілді, сондықтан да көбі сотқа тартылады». (Халидулин, 2015).

Мұнан биліктің қоғамды, ауыл қазақтарын бір-біріне қарсы қою арқылы дәстүрлі өмір сүру жүйесін әлсірету әдістерін қолданғаны анық көрініп тұр. Қоғамды іштен бөлшектеп әлсірету саясатына, кеңестік жүйе құруға бағытталған саясатқа халықтың ашық наразылықтар білдірген деректер де баршылық. 1930 жыл 25 наурыз Ақтөбе облыстық БМСБ бөлім басшысы Титов «Ақтөбе облысының Ақбұлақ, Темір, Ойыл, Табын аудандарынан ашылған контрреволюциялық ұйым туралы» шұғыл ақпаратында: «Аталған аудандарда қала орталығынан басқарылып отырған 25 адамнан тұратын ұйым бар, олардың мақсаты жергілікті мүлкі тәркіленген байлардың малын қайтару, халықты Орта Азия мемлекеттеріне көшуге үгіттеу, жергілікті жерлерде құрылған кеңестік шаруашылықтарды күйрету, ірі-орта байларға қарсы шыққан топтарға бандалық шабуыл жасау» (АМОА.Қ.13.Т.2.І.43.П.1-6) делінген.

Сол себепті, биліктің жағында жүргендердің өздерін айыптау, оларды «жаңа өкімет жағындағылар», «ескішілдікпен күресуде самарқаулар» немесе «партия саясатына қарсы шығушылар» деп жіктеудің өзі-ақ халықты бөлшектеп, оның тұтастығын бұзудың айқын көрінісі. Рулық негізге құрылған қоғамды таптық жүйеге көшіруде осы мәселенің негізгі мәнін ашады. Ал қазақ қоғамында кеңес билігінің таптық теориясындағы «жалдамалы жұмысшы» (аздаған батрақтар мен қала жұмысшыларын есептемесек), «буржуазия», «өсімқорлық» т.б. капиталистік қоғамның өзі болмаған. Сондықтан, қазақ ауылының ішінен таптық қайшылықты іздестірудің өзі де саяси сауатсыздық. Бұл да қазақ қоғамын жіктеудің бір формасы.

Қорытынды

Тарихи бірізділік принципіне сүйенер болсақ, қай оқиғаның болмасын алғышарттары, себептері, осы себептерден туындайтын салдарлары болады. Көп ретте біз оқиғаларды, оның ішінде көтерілістер мен наразылықтар секілді әрекеттерді хронологиясына немесе географиясына байланысты топтастырамыз. Алайда олардың тамырына үңілу, оған дейінгі болған тарихи оқиғалармен заңдылықты байланысын қарама-сақ, бұл тек жалаң баяндау, мәселенің түп-тамырына үңілмеу болары анық.

Сондықтан осы мақалада олар негізгі себептері бойынша топтастырылып қарастырылды, олардың барлығына ортақ нәрсе – *Кеңестік биліктің Ресейдің ішкі, әсіресе пролетариат шоғырланған аймақтарындағы қондырғыны барша КСРО аумағына, жергілікті жердің базистік, дәстүрлі, шаруашылық, ұлттық және т.б. ерекшеліктеріне қарамастан орнықтыруы* еді. Оның ішінде көшпелі өркениет пен рулық тұтастыққа негізделген қазақ халқына мүлдем бейтаныс саясатты әкелу – аталмыш наразылықтар мен көтерілістер түріндегі халықтың қарсылық күресіне әкелгені сөзсіз.

Жалпы, наразылықтар мен қарсылықтардың себептері әркелкі болғандықтан, олардың жүру формалары да түрліше болады. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы болған осындай оқиғалар: көтерілістер, қарулы қарсылықтар, наразылықтар, ішінара және жаппай бас көтерулер, бүлдірулер, белсенділерге жасалған қастандықтар, билік талаптарын орындамау, өзге аймақтарға қоныс аудару кезінде кедергі жасаған әскерлерге, милицияға, үкімет органдары белгілеп берген жерден кетулер, қоныс аударулар, оларды болдырмауға ұмтылған арнаулы отрядтарға қарсы ұрыстар секілді сан-алуан формалар түрінде болған. Бұл ретте шынайы, ауқымды, жаппай көтерілістер мен «тырнақ астынан кір іздеген» «шолақ белсенділердің» не болса соны «контралық әрекет» деп таңуы, болмаса «жеке өшпенділіктің» салдарынан жала жабуы, «жоспардың орындалмауын» – «бүлік деп табу сияқты, болмашы, тексерілмеген наразылықтарды қатар қою – дұрыс емес.

Сондықтан мақалада қарастырылған мәселелерден оларды жүру формаларына қарай топтастыру қажеттілігі туындады. Келешекте осы жұмыстың заңды жалғасы ретінде халық көтерілістері мен наразылықтарын себептеріне байланысты мына тәртіппен қарастыру жоспарлануда.

1) Билік талаптарын орындаудан бас тарту, наразылықтарын ашық айту түріндегі қарсылықтар. Көп ретте бұлар жай ғана «болмашы ұрыс-керіс» секілді көрінуі мүмкін. Дегенмен, кеңестік биліктің «шолақ белсенділері» – оларды зорайтып, тіпті қылмыстық әрекет деп таныды. Бұлардың қатарына «колхоз мүлкін әдейі бүлдіруді» де жатқызуға болады. Осы әрекеттермен «күрес» әсіресе «масақ заңы» жарияланғаннан соң күшейіп кетті. Жаңа биліктің «антикеңестік элемент» ұғымынан «халық жауы» ұғымына дейінгі айыптауларының басы да осы болды.

2) Екінші топқа ішінара бас көтерулер, белсенділерге жасалған қастандықтар, милиция органдарына қарсылықтарды жатқыза аламыз.

3) Ал үшінші топқа көшпелі халықтың кеңінен тараған наразылығының түрі – өзге аймақтарға ауа көшуін жатқызып, оны бөлек қарастырған жөн. Дәстүрлі қоғамдағы әділетсіздік танытқан хан-сұлтандарға наразылық формасы түрінде жалғасып келе жатқан бұл әрекет жаңа билік тарапынан басқаша қабылданды. Келісімге келудің орнына күштеу, мәжбүрлеу әрекеттерін қолдану көптеген өңірлерде – халық қарсылығының ең басты, төртінші формасы – қарулы көтерілістерге әкелді.

Сондай-ақ отырықшы аудандар мен көшпелі және жартылай көшпелі аймақтардың бас көтерулерінің сипаттары мен жүру барысының да ара жігін ажыратып алған жөн. Мәселен, бір ғана Ақтөбе облысының түрлі аудандарындағы наразылықтар мен көтерілістер жалпы әлеуметтік, оның ішінде таптық, ұлттық, саяси, демогра-

фиялық және басқа да құрамы ерекше зерттеуді қажет етеді. Мысалы, әлеуметтік-таптық құрам тұрғысынан: тәркілеуге ұшырағандар, бұрынғы бай-феодалдар, жер аударылып келген кулактар, «асыра сілтеуден» ауқатты топтарға жатқызылған «орташалар» (тіпті, олардың жақын туыстары болғандықтан жатқызылған кедейлер де бар болуы ықтимал – автор), ал кейін билік саясатына ашынған кедейлерге дейін болған.

Қай тарихи оқиға болмасын – ол қоғамның ғана емес, оны құраушы басты субъектілер – адамдардың тағдыры, өмірі екендігі белгілі. Демек, тарихты адамдар өмірінің шынайы айнасы мен бет-бейнесін жадымызда сақтатудың құралы деп атай аламыз. Ал бұл айнаның шынайы, таза, идеологиялық, саяси және т.б. бұрмалаусыз түрде болуы – зерттеудің нақтылығына байланысты.

Әдебиеттер

- Ақтөбе облысының тарихы. (2006). Ақтөбе: Типография ТОО «Ақжар АБК» 3-тарау. Б. 200-260.
- Абенев Д. К., Абеннова, Б. С., Бейскалиева Н. А. (2023). Ақтөбе өңірінде байлардың, кулактардың, орта шаруалардың қудалануы: архивтік құжаттар.– Көкшетау: «Көкше-Полиграфия» АҚ, 260 б.
- Алдажуманов К.С. (1998). Крестьянское движение сопротивления. Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. Алматы: Арыс.428 с.
- Алдажуманов К.С.(1996). Крестьянское движение сопротивления в Казахстане (1929-1931 гг.).- Адилет. Материалы «круглых столов» и семинаров. – Алматы: Фонд “XXI век”, 1996. – 158 с.Алматы. Б.12-20.
- Алланиязов Т.К., Таукенов А.С. (2009). Последний рубеж защитников номадизма: история вооружённых выступлений и повстанческих движений в Казахстане (1929-1931 годы). – 00 «03Т-XXI век». 21 с.
- Алланиязов Т., Таукенов А. (2000). Шетская трагедия: из истории антисоветских вооружённых выступлений в Центральном Казахстане в 1930–1931 гг. Алматы: фонд «XXI век». Алматы. 166 с.
- Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві (АОМА). Қ.63. Т.2. I.7., П.23-33.
- АОМА. Қ.13.Т.2. I.43., 1-6 п.
- АОМА. Қ.63. Т. 1. I. 69.164 п.
- АОМА. Қ.63.Т.1.I.23., 128 п.
- АОМА.Қ.63.Т.1.I. 23. П. 128.
- АОМА.Қ.13.Т.1.I.311.21 п.
- АОМА.Қ.13.Т.3.П.339.
- АОМА.Қ.13.Т.1.П.339.П.50-52.
- АОМА.Қ.3.Т.2.I.6.П.366-384.
- АОМА.Қ.3.Т.3.I.187.П.73.
- АОМА.Қ.193.Т.1.I.97.П.8.
- АОМА.Қ13.Т.1.I.83.П. 24-43,45.
- АОМА.Қ.13.Т.1.I.341.П.36.
- АМОА.Қ.3.Т.3.I.18.П.73.
- АМОА.Қ.63.Т.1.I.281.П.33.
- АМОА.Қ.63.Т.1.I.5.П.222.
- АМОА.Қ.63.Т.1.I.5.П.223.
- АМОА.Қ.4.Т.1.I.12.П.306-318.
- АМОА.Қ.707.Т.1.П. 8-11.
- АМОА.Қ.63.Т.2.I.36.П.2.
- Асылбеков М-А.Х., Асылбекова Ж.М-А. (2016). Социально-демографическое развитие населения Казахстана в 1926–1939 гг.: монография. – Алматы: Қазақ университеті. 146 с.
- Алашорда ісі 1920-1940 жж «Халық көтерілістері 1929–1931 жж» (2023). Құжаттар мен материалдар\ Құраст.. Әбжанов Х., Нұрымбетова Г., Балғазина Б.– 11 том: – Алматы: Кітап баспасы. 600 б.
- Алашорда ісі 1920–1940 жж «Әулеттерге жасалған қиянат» (2023). Құжаттар мен материалдар\ Құраст.. Әбжанов Х., Нұрымбетова Г., Мырзатаева З., Балғазина Б. 8 том:- Алматы: Кітап баспасы.528 б.

- Алашорда ісі 1920-1940 жж «Сопы» операциясы. Ишандар институтының жойылуы. (2023). Құжаттар мен материалдар / Құраст.: Қабылдинов З., Нұрымбетова Г., Қасымова З., Чиликова Е. 10 том: – Алматы: Кітап баспасы. Б.20-28.
- Алашорда ісі 1920–1940 жж «Алашорда жағындағы дәулеттілер» (2023). Құжаттар мен материалдар / Құраст.: Қабылдинов З., Нұрымбетова Г., Қасымова З., Чиликова Е. 9 том:– Алматы: Кітап баспасы. 23 б.
- Дэвис Р., Уиткрофт С. (2011). Годы голода: сельское хозяйство СССР, 1931-1933. Москва: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН) 543 с.
- Жұмағұлов Б. (1999). Кеңес өкіметінің аграрлық саясаты және Адай көтерілісі (1922-1933 жж.). – Алматы. 157 б.
- Загуменный С. И. (1991). Письмо И. В. Сталину и С. И. Сырцову от 19 января 1928 г. //Известия ЦК КПСС. № 5.С. 199-201.
- Зулкашева А. С. (сост., отв.), Исахан Г. Т., Сатаева Ж. А. (2018). Трагедия казахского аула. 1928-1934: Сборник документов. – Алматы: Раритет. 744 с.
- Ивницкий Н.И. (2009). Голод 1932-1933 годов в СССР: Украина, Казахстан, Северный Кавказ, Поволжье, Центрально-Черноземная область, Западная Сибирь, Урал.М.: Собрание.37 с.
- Ивницкий Н. И. (2009). Голод 1932–1933 годов в СССР: Украина, Казахстан, Северный Кавказ, Поволжье, Центрально-Черноземная область, Западная Сибирь, Урал. М.: Собрание. С. 29-30.
- Исмагулов Ү. Ш., Исмагулова, Д. М., Калыбаева, А. Ж. (2023). Ақтөбе өңіріндегі шаруашылық-саяси науқандар (1928-1930 жж.):Құжаттар жинағы.–Көкшетау: «Көкше-Полиграфия» АҚ.300 б.
- Исмагулов Ү. Ш., Исмагулова, Д. М., Калыбаева, А. Ж. (2023). Ақтөбе өңіріндегі шаруашылық-саяси науқандар (1928-1930 жж.):Құжаттар жинағы. Көкшетау: «Көкше-Полиграфия» АҚ.5 б.
- Камерон С. (2020). Голодная степь: голод, насилие и создание Советского Казахстана. – Москва: Новое литературное обозрение, 360 с.
- Киндлер Р. (2024). Сталиндік көшпенділер. Қазақстан билігі және ашаршылық / ағылшын тілінен ауд. Ө. Ахмет. – Астана: Фолиант. 432 б.
- Киндлер Р. (2024). Сталиндік көшпенділер. Қазақстан билігі және ашаршылық / ағылшын тілінен ауд. Ө. Ахмет. – Астана: Фолиант. 123 б.
- Киндлер Р. (2024). Сталиндік көшпенділер. Қазақстан билігі және ашаршылық / ағылшын тілінен ауд. Ө. Ахмет. – Астана: Фолиант. 185 б.
- Қазақстан Республикасының Президенттік архиві (ҚР ПА).Қ.141.Т.1.І.2953.П. 38-76.
- Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві (ҚР ПА).Қ.141.Т.1.І.2953.П. 38-76.
- Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА).Қ.352.Т.1.І.10.П.124.
- Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архив. (ҚРОМА).Қ.135. Т.1. І.10.П.124.
- Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архив. (ҚР ОМА).Қ.1179.Т.6.І.7.П.342.
- Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архив. (ҚР ОМА)Қ.1179.Т.2.І.1.П.26.
- Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архив. (ҚР ОМА)Қ.1179.Т.1.І.51.П.29).
- Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архив. (ҚР ОМА)Қ.1179.Т.2.І.10.П.80).
- Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архив. (ҚР ОМА)Қ.1179.Т.6.І.6.П.24).
- Қазақ Совет Энциклопедиясы. (1977). IX том. «Қазақ Совет Энциклопедиясы» баспасы. Алматы.
- Қозыбаев М. К., Абылхожин Ж. Б., Алдажуманов К. С. (1992). Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. – Алма-Ата. 37 с.
- Құлжаев Б. (2016). Тарихпен тамырлас талбесік. – Ақтөбе: «Да-Мир-Ил» баспаханасы. Б.12-17.
- Құлжаев Б., Әбдірахманов Т. (2020). Тағзым: зерттеулер, мақалалар, естеліктер мен арнау, жыр-толғаулар. Ақтөбе: «А-Полиграфия». 272 б.
- Құрманбеков Б. (2010). Ырғыздың қилы тарихы. Ақтөбе: «А-Полиграфия» ЖШС, 2010, Б.78-79.
- Молдин Б.А., Мәден А.Т. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстандағы халық наразылықтары мен көтерілістері мәселесіне тарихнамалық шолу // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 4.Б.1148-1165.
- Мұсағалиева А.С. (2022). Қазақстандағы халық көтерілістері және наразылықтары туралы (1929-1931 жж.). Отан тарихы, № 3 (99). 91 б.
- Мұхатова О. (2016). Қазақстан тарихының тарихнамасы: оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті. Б. 310-311.
- Огайон И. (2009). Седентаризация казахов СССР при Сталине. Коллективизация и социальные изменения (1928-1945 гг.) // История Казахстана в западных источниках XIII-XX вв. Т. 11 / пер. с фр. Л. Т. Ракишева; сост. Б. М. Сужиков. – Алматы: Санат. 368 с.
- Омарбеков Т. (1994). Зобалаң (күштеп ұжымдастыруға қарсылық): оқу құралы. Алматы: Санат. 272 б.
- Омарбеков Т. (1994). Зобалаң (күштеп ұжымдастыруға қарсылық): оқу құралы. Алматы: Санат. Б. 252-253.
- Омарбеков Т. (1994). Зобалаң (күштеп ұжымдастыруға қарсылық): оқу құралы. Алматы: Санат.134 б.
- Омарбеков Т. (1997). 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: көмекші оқу құралы. Алматы: Санат. 320 б.
- Омарбеков Т. (1997). 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: көмекші оқу құралы. Алматы: Санат. 223 б.
- Отчет Казахской контрольной комиссии ВКП(б) и Народного комиссариата рабоче-крестьянской инспекции к 7-й Казахской партконференции. (Алма-Ата), 1930. 14 с.
- Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20–50 жылдары) (2022). / Құраст. Н. Көшерев, Ж. Масалиева, Д. Сарбаев; жалпы ред. Е.Т. Карин. Ақтөбе өңіріндегі кеңестік қуғын-сүргін зобалаңы: архивтік құжаттар жинағы. Т. 21. Алматы: «Полиграфкомбинат» ЖШС. 5 б.
- Синицын А. (2019). Советское государство и кочевники. Москва, Центрполиграф. 318 с.
- «Совершенно секретно». (2004). Лубянка Сталину о положении в стране (1922-1934 гг.), т.б. Москва. 804 с.

Собрание указаний и распоряжений КАССР.(1930). № 6. Б.110-112.

Conquest R. (1986). *The Harvest of Sorrow: Soviet Collectivization and the Terror-Famine*. New York: Oxford University Press. 408 p.

Таңатарова Ж. Т. (2000) Қазақстанның батыс аймағындағы күштеп отырықшыландыру және оның ауыр зардаптары (1930-1937 жж.) Алматы: Қазақ университеті.186 бет.

Тоқаев Қ-Ж. (2021). «Қазақстан Республикасының Президенті. Тәуелсіздік бәрінен қымбат» // *Egemen Qazaqstan*. №2, 5 қаңтар, 2 б.

Зулкашева А.С.(отв.ред)(2013).Трагедия казахского аула. 1928-1934. Сборник документов. / Сост. А.С., А.Т. Исахан, Г.М. Каратаева. Алматы: Раритет. С.94-97.

Трагедия советской деревни. (1999).Коллективизация и раскулачивание. Документы и материалы. Том. 1 май 1927 – ноябрь 1929. – Москва: РОССПЭН. 291 с.

Халидуллин Ф.(2015).Кеңестік биліктің қазақ шаруаларына қатысты аграрлық саясаты (1917-1940): Оқу құралы. Алматы: издательство «Эверо». 79 б.

References

Aqtöbe oblysynyñ tarihy. (2006). *Aqtöbe oblysynyñ tarihy*. Aqtobe: Tipografiia TOO «Akzhar ABK»; 3-tarau.[History of Aktobe Region]. Chapter 3. P.200-260. (In Kazakh)

Aktobe oblystyk memlekettik arhivi (AOMA) [Aktobe Regional State Archive]. F.63. Op.2. D.7. P 23-33.

AOMA.F.13.Op.2. D.43.P.1-6.

AOMA.F.63.Op.1.D.69.P.164.

AOMA.F.63.Op.1.D.23.P.128.

AOMA.F.13.Op.1.D.311.P.21.

AOMA.F.13.Op.3.P.339.

AOMA.F.13.Op.1.D.339.P.50-52.

AOMA.F.3.Op.2.D.6.P.366-384.

AOMA.F.3.Op.3.D.187.P.73.

AOMA.F.193.Op.1.D.97.P.8.

AOMA.F13.Op.1.D.83.P.24-43,45.

AOMA.F.13.Op.1.D.341.P.36.

AMOM.F.3.Op.3.D.18.P.73.

AMOM.F.63.Op.1.D.281.P.33.

AMOM.F.63.Op.1.D.5.P.222.

AMOM.F.63.Op.1.D.5.P.223.

AOMM.F.4.Op.1.D.12.P.306-318.

AOMM.F.707.Op.1.P. 8-11.

AOMM.F.63.Op.2.D.36.P.2.

Aldazhumanov K.S. (1998). *Krest'yanskoe dvizhenie soprotivleniya. Deportirovannye v Kazakhstan narody: vremena i sud'by* [The Peasant Resistance Movement. In: *Deported Peoples to Kazakhstan: Time and Fates*]. Алматы: Arys. 428 P. (In Russian)

Aldazhumanov K.S. (1996). *Krest'ianskoe dvizhenie soprotivleniia v Kazakhstane (1929-1931 gg.)*. [Peasant resistance movement in Kazakhstan (1929-1931)]. In: *Adilet. Materialy "kruglykh stolov" i seminarov*. Алматы: Fond "XXI vek". P.12-20. (In Russian)

Allaniiazov T.K. Taukenov A. (2000). *Shetskaia tragediia: iz istorii antisovetskikh vooruzhennykh vystuplenii v Sentral'nom Kazakhstane v 1930–1931 gg* [The Shet Tragedy: From the History of Anti-Soviet Armed Uprisings in Central Kazakhstan 1930-1931]. Алматы: XXI Century Foundation. 166 P. (In Russian)

Allaniiazov T.K. Taukenov A.S. (2009). *Poslednii rubezh zashchitnikov nomadizma: istoriia vooruzhennykh vystuplenii i povstanchesikh dvizhenii v Kazakhstane (1929-1931 gody)* [The Last Frontier of the Defenders of Nomadism: The History of Armed Uprisings and Rebellious Movements in Kazakhstan (1929-1931)]. 00"03T-21st Century". 21 P. (In Russian)

Alashorda isi 1920–1940 jž. Quğazhtar men materialdar. “Sopy” operatsiyasi. Ishandar institutyñ jojylui. (2023). *Quğazhtar men materialdar \ Publisher.. Qabildinov Z, Nurymbetova G, Qasymova Z, Chilikova E. [The Alashorda Case 1920-1940 “Sopy” Operation. The Destruction of the Ishandars Institute]. Documents and Materials. Vol. 10. – Compiled by. Алматы: Kitap baspasy. 496 P. (In Kazakh)*

Alashorda isi 1920–1940 jž. Quğazhtar men materialdar. Alashorda jaǵyndaǵy дәulettiler. (2023). *Quğazhtar men materialdar \ Publisher.. Qabildinov Z, Nurymbetova G, Qasymova Z, Chilikova E. [The Alashorda Case 1920-1940 Wealthy People Around Alashorda] Documents and Materials. Vol. 9. – Compiled by. Алматы: Kitap baspasy. 23 P. (In Kazakh)*

Alashorda isi 1920 – 1940 jž. Äuletterge jasalǵan qıyanat. (2023). *Quğazhtar men materialdar \ Publisher.. Äbzhанov H, Nurymbetova G, Myrzataeva Z, Balǵazina B. [The Alashorda Case 1920 – 1940 Betrayal Against the Families] Documents and Materials. Vol. 8. – Compiled by. Алматы: Kitap baspasy. 528 P. (In Kazakh)*

Alashorda isi 1920 – 1940 jž. Quğazhtar men materialdar. Halıq көteristeri (1929-1931 jž.) (2023). *Quğazhtar men materialdar \ Publisher.. Äbzhанov H, Nurymbetova G, Balǵazina B. [The Alashorda Case 1920-1940 People’s Uprisings (1929-1931)]. Documents and Materials. Vol. 11- Compiled by. Алматы: Kitap baspasy. 600 P. (In Kazakh)*

Archive of the President of the Republic of Kazakhstan (APRK). F.141. I.1.D.2953. P.38-76.(In Russian)

- Äbenov D.K. Äbenova B.S. Beiskalieva N.A.(2023).Aqtöbe öñirindegi baylardıñ, qulaqtardıñ jáne orta şaruaların qudalanuı: Arxivtik qujattar [Persecution of Wealthy Peasants, Kulaks, and Middle Peasants in the Aktobe Region: Archival Documents]. Kokshetau:«Kokshe-Polygraphia» AQ.260 P. (In Kazakh)
- Ismagulov U.Sh. Ismagulova D.M. Kalibayeva A.Zh.(2023).Aqtöbe öñirindegi şaruashylyq-sayasat nawqandarı (1928-1930 jj.): Qujattar jinagı [Agricultural and Political Campaigns in the Aktobe Region (1928-1930): A Collection of Documents]. Kokshetau: «Kokshe-Polygraphia» AQ. 300 P.(In Kazakh)
- Ismagulov U.Sh. Ismagulova D.M. Kalibayeva A.Zh. (2023). Aqtöbe öñirindegi şaruashylyq-sayasat nawqandarı (1928-1930 jj.): Qujattar jinagı [Agricultural and Political Campaigns in the Aktobe Region (1928-1930) A Collection of Documents]. Kokshetau: «Kokshe-Polygraphia» AQ. 5 P. (In Kazakh)
- Asylbekov M-A Kh. Asylbekova Zh M-A. (2016). Sotsial'no-demograficheskoe razvitiie naseleniya Kazakhstana v 1926–1939 gg.: monografiya [Socio-demographic Development of the Population of Kazakhstan in 1926-1939: Monograph]. Almaty: Kazakh University. 146 P. (In Russian)
- Devis R. Uitkroft S. (2011).Gody goloda: sel'skoe khoziaistvo SSSR, 1931-1933 [The Years of Hunger: Soviet Agriculture 1931-1933]. Moscow: Russian Political Encyclopedia (ROSSPEN); (History of Stalinism). 543 P. (In Russian)
- Kameron S. (2020). Golodnaya step': golod, nasilie i sozdanie Sovetskogo Kazakhstana [The Hungry Steppe: Famine, Violence, and the Making of Soviet Kazakhstan]. Moscow: New Literary Observer. 360 P. (In Russian)
- Khalidullin Ğ. (2015). Keñestik biliktiñ qazaq sharualaryna qatysty agrarlyq saiasaty (1917-1940): oqý quraly [The Agrarian Policy of the Soviet Government Toward Kazakh Peasants (1917-1940) Textbook]. Almaty: Izdatel'stvo «Evero». 79 P. (In Kazakh)
- Kindler R. (2024). Nomades Staliniani: Potestas et Fames in Kazachstania. e lingua Anglica vertit O. Akhmet. Stalin's Nomads: Power and Famine in Kazakhstan [Stalin's Nomads: Power and Famine in Kazakhstan. Translated from English by O. Akhmet]. Astana: Foliant. 432 P. (In Kazakh)
- Kindler R. (2024). Nomades Staliniani: Potestas et Fames in Kazachstania. e lingua Anglica vertit O. Akhmet. Stalin's Nomads: Power and Famine in Kazakhstan [Stalin's Nomads: Power and Famine in Kazakhstan. Translated from English by O. Akhmet]. Astana: Foliant. 123 P.(In Kazakh)
- Kindler R. (2024). Nomades Staliniani: Potestas et Fames in Kazachstania. e lingua Anglica vertit O. Akhmet. Stalin's Nomads: Power and Famine in Kazakhstan [Stalin's Nomads: Power and Famine in Kazakhstan. Translated from English by O. Akhmet]. Astana: Foliant. 185 P. (In Kazakh)
- Kozybaev M.K. Abylkhodzhin Zh.B. Aldazhumanov K.S. (1992). Kollektivizatsiya v Kazakhstane: tragediya krest'yanstva [Collectivization in Kazakhstan: The Tragedy of the Peasantry]. Alma-Ata. 37 P. (In Russian)
- Zagumennyi SI. Pismo I. V. (1991). Stalinu i SI. Syrtsovu ot 19 yanvary 1928 g. [Stalin and S.I. Syrtsov dated January 19, 1928. Izvestiya of the Central Committee of the CPSU]. Izvestiya CK KPSS. № 5. P.199-201.(In Russian)
- Zhūmagūlov B. (1999). Keñes ókimetiniñ agrarlyq saiasaty jáne Adai köterilisi (1922-1933 jj.) [The Agrarian Policy of the Soviet Government and the Adai Uprising (1922-1933)]. Almaty. 157 P.(In Kazakh)
- Qurmanbekov B. (2010).Yrğyzydyñ qily taryhy.[The Complex History of Yrgyz]. Aqtobe: «A-Poligrafiia» ZhShS; 2010. 78–79 b.p.78-79.(In Kazakh)
- Zulkasheva A.S (sost., otv.)(2018).Tragediya kazakhskogo aula. 1928-1934: Sbornik dokumentov.[The Tragedy of the Kazakh Village, 1928-1934 Collection of Documents] Isakhan G.T, Sataeva Zh.A. Almaty: Raritet. 744 P. (In Russian)
- Qazaq Sovet Entsiklopediı a` sy. (1977). [Kazakh Soviet Encyclopedia]. Almaty: «Qazaq Sovet Entsiklopediasy» baspasy. Vol. IX.(In Kazakh)
- Mukhatova O.(2016). Qazaqstan tarihyńyń tarihnaması: Oqu quraly [Historiography of the History of Kazakhstan: A Textbook]. Almaty: Kazakh University; P.310-311.(In Kazakh)
- Musagalieva A.S. (2022). Qazaqstandağı halıq köterilisteri jáne narazılıqtarı (1929-1931 jj.) [People's Uprisings and Protests in Kazakhstan (1929-1931)]. Otan Tarikhy [Homeland History] № 3(99). P.88-93.(In Kazakh)
- Moldin B.A, Mäden A.T.(2025).XX ğasyrdyñ 1920-1930 jıldaryndağı Qazaqstandağı halyq narazylyqtary men köterilisteri máselesine tarihnamalyq şolu.[A historiographical review of popular protests and uprisings in Kazakhstan in the 1920s-1930 s]. Otan tarihy. 28(4). P.1148-1165.(In Kazakh)
- Ohayon I. (2009). e lingua Francogallica vertit L. T. Rakisheva; collegit B. M. Suzhikov. Sedentarizatio Kazachorum in URSS sub Stalino: Collectivizatio et Mutationes Sociales (1928-1945) [Sedentarization of the Kazakhs in the USSR under Stalin: Collectivization and Social Changes (1928-1945)]. In: History of Kazakhstan in Western Sources (12th-20th centuries). Vol. 11. Almaty: Sanat. 368 P. (In Russian)
- Omarbekov T. (1994).Zobalan (Kushtep ūzhymdastyruǵa qarsylyq): Oqu quraly [Zobalan. Resistance to Forced Collectivization. Textbook]. Almaty: Sanat. 272 P.(In Kazakh)
- Omarbekov T. (1994). Zobalan (Resistentia contra Collectivizationem Coactam): Liber scholasticus [Zobalan (Resistance to Forced Collectivization): Textbook]. Almaty: Sanat. P.252-253.(In Kazakh)
- Omarbekov T. (1994). Zobalan (Resistentia contra Collectivizationem Coactam): Liber scholasticus [Zobalan (Resistance to Forced Collectivization) Textbook]. Almaty: Sanat. 134 P.(In Kazakh)
- Omarbekov T. (1997). 20-30 jıldardaki Qazaqstan qasıreti. Kómekşi oqu quralı [Kazakhstan's Tragedy of the 1920s-1930s: Supplementary Textbook]. Almaty: Sanat. 320 P.(In Kazakh)
- Omarbekov T. (1997). 20-30 jıldardaki Qazaqstan qasıreti. Kómekşi oqu quralı [Kazakhstan's Tragedy of the 1920s-1930s: Supplementary Textbook]. Almaty: Sanat. 223 P.(In Kazakh)
- Otchet Kazakhskoi kontrol'noi komissii VKP(b) i Narodnogo komissariata raboche-krest'ianskoi inspektsii k 7-i Kazakhskoi partkonferentsii. [Report of the Kazakh Control Commission of the All-Union Communist Party (Bolsheviks) and the People's Commissariat of Workers' and Peasants' Inspection to the 7th Kazakh Party Conference].Alma-Ata; 1930. 14 P.(In Russian)

Siyasi quǵyn-sürgin qurbandarın tolyq aqtau jöindegі Memlekettik komissiyanıń materialdary (XX gasyrdyń 20-50 jildary) (2022) / Publisher... N. Kósıherov, Zh. Masalieva, D. Sarbaev; jalpy red. E.T. Karin [Materials of the State Commission for the Full Rehabilitation of Victims of Political Repression (XX Century, 1920-1950s) Repression in the Aktobe Region: Collection of Archival Documents compilers]. Aqtöbe önerindegi kenzı estik quǵyn-sürgin zobalańy: arkhivtik quǵazhtar zhynaǵy. Almaty: «Poligrafkombinat» ZHS; Vol. 21. 5 P. (In Russian)

Simitsyn A. (2019). Sovetskoe gosudarstvo i kochevniki. [The Soviet State and Nomads]. Moscow. Tsentrpoligraf. 318 P. (In Russian)

Sovershenno sekretno. (2004). Lubyanka Stalinu o polozhenii v strane (1922-1934 gg.) i dr. [Top Secret. The Lubyanka to Stalin on the Situation in the Country (1922-1934) and Related] Documents. Moscow. 804 P. (In Russian).

Sobranie ukazaniy i rasporiazhenij KASSR. (1930). [Collection of Decrees and Orders of the Kazakh ASSR] № 6. 110-112 P. (In Russian)

Tañatarova J.T. (2000) Qazaqstannyń batys aimaǵyndaǵy kúshtep otyryqshylandyru jáne onyń auyr zardaptary (1930–1937 jj.). [Forced sedentarization in the western region of Kazakhstan and its severe consequences (1930–1937).] Almaty: Qazaq universiteti; 186 b. (In Kazakh)

Tragediya kazakhskogo aula (2018) Sost. Zulkasheva A.S. (otv.), Isakhan G.T. Satayeva Zh.A. Tragediya kazakhskogo aula. 1928-1934: Sbornik dokumentov [The Tragedy of the Kazakh Aul, 1928-1934 Collection of Documents]. Almaty: Raritet. 744 P. (In Russian)

Tragediya sovetsoi derevni. (1999). Kollektivizatsiya i raskulachivanie. Dokumenty i materialy [Tragedy of the Soviet countryside. Collectivization and dekulakization. Documents and materials] Vol. 1-May 1927 – November 1929. Moscow: ROSSPEN. 291 P. (In Russian)

Toqayev Q-Zh. (2021). Qazaqstan Respýblikasynyń Prezidenti. Täuelsizdik bärinen qymbat [President of the Republic of Kazakhstan. Independence Above All]. // Egemen Qazaqstan. № 2, 5-Qañtar. 2 P. (In Kazakh)

Ivitskii NI. (2009). Golod 1932-1933 godov v SSSR: Ukraina, Kazakhstan, Severnyi Kavkaz, Povolzh'e, Tsentral'no-Chernozemnaia oblast', Zapadnaia Sibir', Ural. Moscow: Sobranie. [The Famine of 1932–1933 in the USSR. Ukraine, Kazakhstan, North Caucasus, Volga Region, Central Black Earth Region, Western Siberia, Ural. Moscow. Sobranie]. 37 P. (In Russian)

Ivitskii NI. (2009). Golod 1932-1933 godov v SSSR: Ukraina, Kazakhstan, Severnyi Kavkaz, Povolzh'e, Tsentral'no-Chernozemnaia oblast', Zapadnaia Sibir', Ural. Moscow: Sobranie. [The Famine of 1932–1933 in the USSR. Ukraine, Kazakhstan, North Caucasus, Volga Region, Central Black Earth Region, Western Siberia, Ural. Moscow. Sobranie]. P. 29-30. (In Russian)

Quljaev B, Äbdirahmanov T. (2020). Taǵzym: zertteuler, maqalalar, estelikter men arnauar, jyr-tolǵaular. [Tagzym. Studies, Articles, Memoirs, Dedications, and Epic Poems]. Aqtöbe: A-Poligrafia. 272 P. (In Kazakh)

Quljaev B. (2016). Tarikhpen tamyrlas talbesik. [The cradle rooted in history]. Aqtöbe: “Da-Mir-II” baspanhasy. P.12-17. (In Kazakh)

Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSARK). F.352. I.1.D.10.P.124.

Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSARK). F.1179. I.6.D.7.P.324.

Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSARK). F.1179. I.2.D.1.P.26.

Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSARK). F.1179. I.1.D.51.P.29.

Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSARK). F.1179. I.2.D.10.P.80.

Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSARK). F.1179. I.6.D.6.P.24.

Conquest, R. (1986). The Harvest of Sorrow: Soviet Collectivization and the Terror-Famine. New York: Oxford University Press. 408 p. (on English)

Авторлар туралы мәлімет:

Б.А. Молдин – «D802201 – Тарих» ББ-ның докторанты, ¹Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Қазақстан, Ақтөбе, <https://orcid.org/0009-0006-7600-2194>. E-mail: moldin.b@zktmu.kz

А.Т. Мәден – т.ғ.к., доцент, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (Қазақстан, Ақтөбе қ, <https://orcid.org/0000-0003-4498-8105>, e-mail: maden.assylbek80@gmail.com).

Information about the author:

B.A. Moldin – Doctoral student in the program «D802201 – History», ¹K. Zhubanov Aktobe Regional University (Kazakhstan, Aktobe, <https://orcid.org/0009-0006-7600-2194>, e-mail: moldin.b@zktmu.kz).

A.T. Maden – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, K. Zhubanov Aktobe Regional University (Kazakhstan, Aktobe, e-mail: maden.assylbek80@gmail.com).

Сведения об авторах:

Б.А. Молдин – докторант по ОП «D802201 – История», Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова (Казахстан, г. Актөбе, <https://orcid.org/0009-0006-7600-2194>, e-mail: moldin.b@zktmu.kz).

А.Т. Мәден – к.и.н., доцент, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова (Казахстан, г. Актөбе, <https://orcid.org/0000-0003-4498-8105>, e-mail: maden.assylbek80@gmail.com).

Келін түсті: 11.12.2025

Қабылданды: 19.02.2026